



«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – РЕСЕЙ» САММИТИ

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №90 (6652) 14 қазан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

NEW VISION 2025

Алматыда әлемдік сарапшылар бас қосты



Шаһарда Орталық Азиядағы ең ауқымды іскерлік іс-шаралардың бірі – NEW VISION 2025 бизнес-форумының салтанатты ашылуы өтті.



Досбол АТАЖАН

Екінші рет өтіп жатқан New Vision форумы 7 мыңнан астам қатысушы мен 100-ден аса компания өкілдерін жинады. Алматы әкімдігінің қолдауымен форум ұйымдастырушылары бизнес-қалашық құрды: төрт алаңда бір

мезетте әлемдік спикерлердің баяндамалары, шеберлік сабақтары мен нетворкинг-сессиялар өтіп жатыр. Форум 2026 жылға арналған стратегияларды басты тақырып етті.

– Алматы бүгінде Орталық Азиядағы ең ірі қаржы және бизнес орталығына айналып отыр. Бұл бизнес қауымдастық пен мемлекеттің үйлесімді жұмысының

нәтижесі деп санаймыз. Одан әрі де қаламыздың дамуына үлес қосуға, жаңа инвестициялар салуға шақырамын. Қала әкімдігі жаңа бастамаларға жан-жақты қолдау көрсетуге дайын. Аталған форум қаламыздың іскерлік бағытын дамытуға елеулі үлес қосып, өзара әріптестікті нығайтуға және тиімді ортақ шешімдерді табуға көмектесетініне сенімдімін, – деді Алма-

ты қаласының әкімі Дархан Сатыбалды.

Сондай-ақ, кәсіпкерлер мен инвесторлар жиналған іс-шара барысында жаһандық өзгерістер жағдайында CEO-ның жауапкершілігі туралы панельдік сессиялар, қателіктер және күрделі шешімдер туралы пікірталас алаңдары ашылды.

– Басты ойымыз – ағартушылық жұмыстар арқылы еліміздің

дамуына үлес қосу. Сондықтан осындай әлемдік деңгейдегі сарапшылар қатысатын форум өткізуге ұйғардық. Жергілікті мамандар, кәсіпкерлер олардан жаңа дүниелер үйрене алады, – деді New Vision кеңесінің төрағасы Қанат Көпбаев.

4

ҮЛКЕН ТЕННИС МЕРЕКЕСІ

Алматыда үлкен теннис мерекесі – ATP 250 Almaty Open турнирі басталды. Турнир қаламызда екінші рет ұйымдастырылып отыр. Қазақстан теннис федерациясының халықаралық мәселелер жөніндегі вице-президенті Юрий Польский жарыстың Алматы үшін маңызын атап өтті.

– ATP 250 турнирін Алматыда өткізу – біздің еліміз үшін үлкен мәртебе. Кез келген ел мұндай деңгейдегі турнирді қабылдай алмайды. Себебі, ол үшін мықты инфрақұрылым, тәжірибелі жарыс ұйымдастырушылар және ATP тарапынан сенім қажет. Алматы үшін бұл спорт іс-шарасының маңызы ерекше – турнир қалаға мыңдаған көрермендерді, туристерді, журналистерді тартады, спорт пен мәдениет мерекесінің ерекше атмосферасын қалыптастырады, – деді ол.

Биыл жарысқа 2024 жылғы турнирдің жеңімпазы, әлемнің 10-шы ракеткасы Карен Хачанов, сондай-ақ Даниил Медведев, Флавио Коболли, Лучано Дардери, Алекс Михельсен сынды теннис әлемінің жұлдыздары қатысып жатыр. Ал қазақстандық теннисшілер қатарында Бейбіт Жұқаев, Александр Шевченко, Тимофей



Скатов, Әмір Омарханов және Михаил Кукушкин бар. Алайда, Михаил Кукушкин Алматыда өтіп жатқан ATP 250 турнирінің негізгі кезеңіне жолдама ала алмады. Қа-

зақстандық теннисші іріктеу кезеңінің финалында австралиялық Джеймс Даквортқа 4:6, 6:4, 5:7 есебімен жеңіліп қалды. Кездесу 1 сағат 40 минутқа созылды.

10

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





Президенттің Тәжікстанға сапары:

«ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – РЕСЕЙ» САММИТИ

ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесінде өзара әріптестік бағдарлары сараланды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 9–10 қазан күндері Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның шақыруымен Душанбеге сапармен барды. Онда ол «Орталық Азия – Ресей» саммитіне және ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысына қатысты. Көпжақты кездесулерден бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонмен, Ресей Президенті Владимир Путинмен екіжақты кездесу өткізді. Мақалада осы жиындарға қорытынды жасалмақ.

«ОА–Ресей» форматына жаңа дем берілді

«Орталық Азия – Ресей» саммиті алғаш рет 2022 жылы 14 қазанда Астанада өткен еді. Быыл екінші рет өтті. Бұл Мәскеудің қысқа кідірістен кейін аймаққа қайта бет бұрғанын көрсетеді. Сондықтан Ресейдің Орталық Азиямен әріптестікті нығайтуға бет бұруын оң қадам деп айта аламыз. Себебі, Мәскеу аймақты жеке субъект ретінде мойындауда. Бұған өзге елдердің бізге қызығушылық танытуы түрткі болды.

Сонымен, 2025 жылы 9 қазанда Душанбеде екінші «Орталық Азия – Ресей» саммиті өтті. Алқалы жиынға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Ресей Президенті Владимир Путин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев қатысып, сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан – Ресей, «ОА – Ресей» әріптестігінің негізгі даму бағыттары ретінде төмендегілерді атап өтті:

- Бұрын-соңды болмаған геосаяси дүрбелеңге, әлем экономикасының тұ-



(Дереккөз: Akorda.kz).

рақсыздығына қарамастан, **Ресей Қазақстанның стратегиялық серіктесі әрі одақтасы саналады.**

- **Сауда және индустриалды қарым-қатынас.** Мемлекет басшысының сөзінше, сауда және индустриалды қарым-қатынас аймақ пен Ресей арасындағы көпжақты ықпалдастықтың бірінші басымдығы болуы тиіс. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, тараптар сауда кедергілерін жоюды, өзара сауданы жандандыруды және тауар айналымы норменклатурасын кеңейтуді қолдайды.

- **Ауыл шаруашылығы.** Президент екінші басымдық ретінде ауыл шаруашылығын атап өтті. Ол үшін агротехнологиялық стартаптар құру, жер игерудің дәл технологиясын кеңінен қолдану, заманауи агрологистикалық алаңдарды дамыту, құзыреттер орталығын жасанды интеллектіні пайдалана отырып қалыптастыру қажет екенін айтты.

- **Көлік-логистика.** Бұл бағытта «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәліздерінің мүмкіндік-

терін толық пайдалануға шақырды.

- **Энергетика.** Президент аймақ пен Ресей арасында энергетика саласының басым бағыттары ретінде газ бен атом энергетикасын атап өтті. Мысал ретінде Ресей, Қазақстан және Өзбекстанның үшжақты газ келісімін, Қазақстанда салына-тын АЭС станцияларын атады.

- **ЖИ және цифрландыру.** Мемлекет басшысы бұл бағыттағы Қазақстанның жетістіктерін атап өтіп, жиынға қатысушыларды бірлесе әрекет етуге шақырды.

Бұдан бөлек, Президент экология, мәдени-гуманитарлық және қауіпсіздік салалары бойынша әріптестікті нығайтуға шақырды. Саммит қорытындысы бойынша Бірлескен коммюнике және 2025–2027 жылдарға арналған іс-әрекет жоспарына қол қойылды.

ТМД қызметін ілгерілету қажет

10 қазанда Душанбеде ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысы өтті. Отырыста Қазақстан Президенті Қа-

сым-Жомарт Тоқаев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Ресей Президенті Владимир Путин, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, ТМД Бас хатшысы Сергей Лебедев сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде мүше елдер арасындағы стратегиялық серіктестікті дамытуға және Ұйым қызметін ілгерілетуге бағытталған бірқатар ұсынысын ортаға салды. Олар төмендегідей:

- **Сауда-экономикалық байланыстарды жандандыру.** Қазақстан 2026 жылы Еуразиялық экономикалық одақ органына төрағалық етеді. Осыған орай, Президент елімізде өтетін Еуразиялық экономикалық форумға ТМД мүшелерін белсене қатысуға шақырды. Форум жұмысы аясында ТМД және ЕАЭО арасындағы сауда-экономикалық байланысты нығайту мәселелерін талқылауды ұсынды.

- **Көлік-логистика.** Бұл саланы дамытуда «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізіне аса мән беруге шақырды. Сондай-ақ, «Шығыс – Батыс» бастамасы мен Транскаспий бағдары Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» жобаларын ұштастыру қажет екенін айтты.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы ТМД елдерін ЖИ және цифрландыру, мәдени-гуманитарлық, экология мәселелері бойынша бірлесе әрекет етуге шақырды.

Сондай-ақ, Тәжікстанға сапар аясында Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонмен, Ресей Президенті Владимир Путинмен екіжақты кездесулер өткізді. Онда тараптар стратегиялық әріптестікті жалғастыру туралы уағдаласты. Қасым-Жомарт Тоқаев Владимир Путинмен кездесу кезінде 12 қарашада Ресейге сапармен баратынын айтты. Сөзсіз, бұл сапар екіжақты байланысқа тың серпін бермек.



Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

БАУМ ТОҒАЙЫ

Алматы қаласының табиғи тыныс мекені – Баум тоғайында ерекше форматтағы денсаулық серуені өтті. Іс-шараны қаламыздағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығы ұйымдастырды. Қатысушылар қатарында зейнет жасындағы алматылықтар, спортпен тұрақты айналысатын қала тұрғындары және салауатты өмір салтын серік еткен жандар болды.



Дана САДЫРҚАН

Скандинавиялық жүріс – кейінгі жылдары көпшілік арасында кең таралып келе жатқан серуен түрі. Арнайы таяқшалармен орындалатын бұл жүріс дененің барлық бұлшық еттерін іске қосып, буындарға түсетін салмақты азайтады. Сонымен қатар, жүрек пен тыныс алу жүйесін жақсартып, жалпы иммунитетті көтеруге оң ықпал етеді.

«Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының бұл форматтағы серуенді ұйымдастырудағы мақсаты – қала тұрғындарының денсаулығын нығайтуға серпін беріп, сергек әрі сапалы өмір сүруге ынталандыру. Серуен барысында зейнеткерлер дұрыс жүріс техникасы арқылы денені қыздыратын жаттығулар жасады, әсем әуенмен ілесіп, би билеген егде тартқан әрбір жанның көңілі көтеріңкі болды.

Қаладағы сирек сақталған табиғи ландшафт пен алуан түрлі ағаш түрін өзіне сыйдырған Баум тоғайының қазіргі жай-күйі де назардан тыс қалған жоқ. Тарихы терең бұл тоғай бүгінде алматылықтардың таза ауада демалатын негізгі орындарының бірі саналады. Алайда, бір кездері көркіне көз тоймайтын аумақтың қазіргі бет-бейнесі көңіл көншітпейді.

Әсіресе, инфрақұрылымдық жағдай мәз емес. Жаяу жүргіншілерге арналған



Суретті түсірген С.ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сайлаубай ДҮЙСЕНБИНОВ, қала тұрғыны:

Құрылыс жұмыстарына ризамыз

Алматыда 1965 жылдан бері тұрамын. Дінмұхамед Қонаевтың тұсында Баум тоғайына келіп, кәдімгідей қуанатынбыз. Ал 1982 жылдан бері тоғайдың жай-күйіне ешкімнің көңілі толған емес, бірде-бір жөндеу жұмыстары жүргізілмеді. Бірақ биыл істеліп жатқан құрылыс жұмыстарына ризамыз. Өйткені, зақым келіп, құртылған нәрселер біртіндеп қалпына келтіріліп жатыр. Адамдар жақсы тынығуы үшін тротуарлар мен фитнес бұрыштарын салу керек. Тереңқұр секілді Баум тоғайын да жақсылап көріктендірсек, қаншама адам келіп демалып, спортпен де шұғылданар еді. Құрылыс материалдарынан сан алуан көркем дүние салуға болады ғой! Әсіресе, кешке тынығатын тұрғындар үшін жарқырап электр шамдары жанып тұрса, қандай керемет! Баум тоғайы одан сайын көркейіп, жандануы тиіс.

Әсенбай НҮКЕНҰЛЫ, зейнеткер:

Жаттығулар егде жастағы адамдар үшін өте пайдалы

Мен осында емдік дене шынықтырудан сабақ беремін. Адамдар таза ауада спортпен шұғылданғысы келеді. Спорт – өмірімізді ұзарту үшін денсаулыққа қажет нәрсе. Әсіресе, мұндай жаттығулар егде жастағы адамдар үшін өте пайдалы. Белсенді қимыл – ұзақ өмір сүрудің басты шарты. Бұл тек денсаулықты нығайтып қана қоймай, әлеуметтік байланыстарды да күшейтеді. Шұңқырларды қалыпқа келтіріп жатқан құрылысшыларға рахмет. Бұған дейін жайсыз инфрақұрылымның салдарынан жығылып, сүрінген сәттеріміз де болған. Тоғайда жарық аз, үстел теннисінің үстінде жабын жоқ. Жаңбыр жауса, малмандай су болып астында қаламыз.

Бейнебақылау, тіпті отыратын орындық та жоқтың қасы. Баум тоғайына көтеріңкі көңіл күймен келеміз, бірақ қазіргі жағдайын көріп, көңіліміз сәл түсіп қалады. Қазір құрылыс жұмыстарының жүргізіліп жатқанына алғысымыз зор. 80–90 жастан асқан зейнеткерлердің спортпен шұғылдануы үшін де жағдай жасалғанын қалаймыз.



САРДАР

ӘСКЕРИ ИНСТИТУТ:

Болашақ офицерлер жауынгерлік дағдыларын шыңдайды



С.Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының жауынгерлік далалық дайындығы жеке дағдыларды ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы ұрыс жағдайларында, соның ішінде дрондар сияқты жаңа қауіп-қатерлерге қарсы тұру кезінде бөлімшелерді басқару қабілетін басты назарда ұстайды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

«Әли» оқу орталығында Құрлық әскерлері әскери институты ұйымдастырған «Сардар» командирлік дайындығы бойынша кезекті ауқымды далалық курс жүріп жатыр. 4-курс курсанттары

кәсіби дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар көшбасшылық қасиеттерін сынақтан өткізіп, күрделі әрі жедел жағдайларда жауапкершілік алуды және бөлімшелерді басқаруды үйренде.

Қазіргі заманғы соғыс офицерден тек өз мамандығы бойынша терең білімді ғана емес,

сонымен қатар басқару және өзара іс-қимыл процестерін жан-жақты түсінуді талап етеді. Мұны түсіне отырып, «Сардар» курсының ұйымдастырушылары мамандандырылған топтар құруға басымдық берді. Әртүрлі мамандықтағы курсанттар – мотоатқыштар мен танкшылардан бастап инженерлер мен артиллеристерге дейін – шағын бөлімшелер құрамына біріктірілді. Әрбір курсант, өз саласының кафедра оқытушылары берген жеке тапсырмаларды орындаумен қатар, үш күн бойы топ командирі қызметін атқару мүмкіндігіне ие болды.

Бұл рөлде болашақ офицерлер негізгі шешімдерді қабылдауды, нақты бұйрықтар беруді, бағыныштылардың әрекеттерін үйлестіруді, тапсырмаларды бөлуді және жағдайды бағалауды үйренді. Мұндай формат әрбір курсантқа бөлімшенің жеңісі үшін толық жауапкершілікті сезінуге, басқару дағдыларын, қысым жағдайында шешім қабылдауды және тиімді коммуникацияны дамытуға мүмкіндік берді.

Тактикалық және командалық дайындықтан басқа техникалық дайындық нормативтерін орындауға және атыс даярлығы дағдыларын жетілдіруге айтарлықтай көңіл бөлінді. Әсіресе, заманауи қауіп-қатерлерге қарсы әрекет ету бойынша сабақтарды атап өту қажет, соның ішінде дрондарды қоса алғанда, имитацияланған әуе нысаналарына дәл тиіп ату. Бұл жаттығулар офицерлерді қазіргі заманғы ұрыс жағдайларына даярлау үшін өте маңызды.

«Мен үшін үлкен тәжірибе алаңы болды. Не істеу керегін өзім түсініп қана қоймай, оны жолдастарыма нақты жеткізіп, олардың мамандықтарын, мүмкіндіктерін ескеруім керек болды. Кейде тез арада қиын шешім қабылдауға тура келді және бір ауыз сөздің өзі бүкіл бөлімшенің тағдырына әсер ететінін түсіндім. Үш күнде команданың үйлесімді жұмысы мен командир рөлінің қаншалықты маңызды екенін түсіндім», – дейді топ командирі рөлінде сынақтан өткен 4-курс курсанты Мирас Төлеусаринов.

ҚҰРМЕТ



ҰРПАҚТАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Ұлттық ұланның Алматыдағы 5571 әскери бөлімінің командирі, полковник Мақсат Баймағұлов Германиядағы Кеңес әскерлері тобы және Варшава келісімшарты әскерлер тобының ардагері Файзулла Каржауовқа «Алғыс хат» пен тәттілер тарту етті.

Нұржамал
ӘЛІШ

Бұл – аға буынға деген шынайы құрмет пен алғыс сезімін білдірудің бір үлгісі. Полковник ардагер әріптесіне зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп, оның ерлік жолы бүгінгі жас ұрпақ үшін үлгі-өнеге екенін атап өтті.

Кездесу аясында бөлімнің жас сарбаздары да ардагермен әңгімелесіп, ой бөлісіп, лебіздерін де жеткізді. Ардагер диалог барысында отансүйгіштік,

әскери антқа адалдық және арнамысты ту еткен батырлық жайлы тағылымды әңгімелер айтты.

Бұл күні 5571 әскери бөлім командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары подполковник Ұлықбек Қараев та бірнеше ардагерді үйіне құттықтап барды. Дәлірек айтсақ, Мои-сеенко Нина Семеновна, Мочалова Раиса Аксановна және Горбулин Алексей Ивановичтің шаңырағында болып, оларға естелік сыйлықтар табысталып, жылы лебіздер айтылды.

«Сіздердің ерлікке толы жолдарыңыз бізге үлкен өнеге. Қарияларымыздың ақ батасы – біз үшін ең үлкен қолдау», – деді Ұ.Қараев. Ардагерлер өз кезегінде осындай назар мен құрметке ризашылығын білдіріп, ақ батасын берді. Мұндай игі бастамалар қарттарымызға көтеріңкі көңіл күй сыйлап қана қоймай, ұрпақ сабақтастығын нығайтуға ықпал етеді.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТП

ДРОППЕР ДЕГЕН КІМ?

Жұмыссыз жастар
алаяқтарға алданып, олардың
тұзағына түсіп қалады

Кейінгі айларда Қазақстанның көп өңірінде дропперлік қылмыстар жиілеп кетті. Әсіресе, жұмыс іздеген жастар мен студенттер алаяқтардың тұзағына оңай ілініп жатыр.

Гүлжанат
МАРАТҚЫЗЫ

Қылмыскерлер алаяқтық жолмен ақша алу схемасында пайдаланатын адамдар – дропперлер. Олардың атына банк шоттары, төлем карталары немесе электронды әмияндар рәсімделеді, кейін сол есептер арқылы заңсыз алынған қаражат өткізіледі. Көбіне дропперлер бұл үшін белгілі бір сыйақы алады, алайда өздерінің қылмысқа ортақ болғанын білмей қалады. Барлық дроппер алаяқтарға көмектесіп жатқанын білмеуі де мүмкін екенін айта кету қажет.

19 жастағы студенттің оқиғасы соның дәлелі. Жігіттің ағасы бізге інісінің қалай алданғанын әңгімелеп берді. Бауыры «OLX» платформасында жарияланған «онлайн көмекші қажет» деген хабарландыру арқылы жұмыс тапқан. «Жұмыс беруші» алаяқтар оған өз банк есепшотын пай-



(Cyprus: freepik).

даланып, белгілі бір соманы қабылдап алуды тапсырады. Кейін оны шешіп, 10 пайызын өзіне қалдырып, қалғанын аударып отыруды ұсынған. Бірнеше ай бойы жігіт бұл істен пайда көріп жүрген. Алайда, арада үш ай өткен соң полиция оны қылмыстық іс бойынша ұстаған. Тергеу барысында студенттің шотына алаяқтар ұрлаған қаражат түскені анықталған.

Мұндай жағдайлар елімізде жиі тіркеліп отыр. Киберқылмыспен күрес басқармаларының дерегінше, дропперлер 18–25 жас аралығындағы жастар. Олар әлеуметтік желілер мен жұмыс сайттары арқылы «оңай ақша табу», «интернет арқылы табыс» сияқты жарнамаларға алданып қалады. Заңгерлер бұл жағдайды қоғамдағы құқықтық сауаттың төмендігімен байланыстырады.



БИЗНЕС-ФОРУМ

NEW VISION
2025Тікелей қалалық инвестиция
қоры құрылдыДосбол
АТАЖАН

(Басы 1-бетте)

Салтанатты рәсім халықаралық New Vision Forum 2025 форумының аясында өтті. Келісімге Almaty Creative креативті индустрияларды дамыту орталығы, Freedom Holding Corp. және VPE Capital Fund Management Limited қол қойды. Creative Capital Fund қоры креативті индустрияларда кәсіпкерлікті дамытуға, Алматыдағы жоғары шығармашылық әлеует пен өңірлік ерекшелікті ескере отырып, жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған.

— Қордың инвестициялары экспорттық әлеуеті жоғары бағыттарға – киноөндіріс (бейне және анимация салаларын қоса алғанда), музыка, IT және геймдев, сәулет, дизайн және цифрлық медиа салаларына шоғырланады, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Олжас Смағұлов.

Қордың бастапқы капиталы 21 млрд. теңге, оның ішінде 10 млрд. теңге – жергілікті бюджеттен, 11 млрд. теңге – жеке және шетелдік инвесторлардың қаражатынан құралады. Қор Астана халықаралық қаржы орталығының (AIFC) алаңында құрылып, ағылшын құқығының юрисдикциясында жұмыс істейді. Қордың қызмет ету мерзімі – 10 жыл, оның ішінде 5 жыл инвестициялық, 5 жыл постинвестициялық кезең ретінде белгіленген.

Айта кеткен жөн, қалалық тікелей инвестиция қорын құру бастамасы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 қарашадағы қолдауына ие болған. Бұл бастама 2021–2025 жылдарға арналған креативті индустрияларды дамыту тұжырымдамасында және Алматы қаласын 2025 жылға дейін және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді даму бағдарламасында көрініс тапқан. Қордың басты мақсаты – алматылықтардың шығармашылық идеяларын тұрақты бизнеске айналдыру және қаланың креативті индустриялар экосистемін дамыту.



БАСПАНА

ЖАҢАРТУ БАҒДАРЛАМАСЫ:
400-ге жуық тұрғын жаңа пәтер кілтін алды

2025 жылдың тоғыз айы ішінде Алматыда тозығы жеткен үйлердің 390 иесі жаңа әрі жайлы жағдай жасалған пәтерге көшті. Көшіру жұмыстарын «Алматы қаласы әкімдігінің Капиталдық құрылыс кәсіпорны» және «Алматы» ӘКК компаниясы мен инвестор «Алматы қаласының тұрғын үйді жаңарту бағдарламасы – 2030» аясында жүзеге асырып отыр.

Дана
САДЫРҚАН

Пәтер иелері жаңа тұрғын үйді «бөлме – бөлмеге» қағидаты бойынша немесе бұрынғы мүлкінің нарық бағасына сай ақшалай өтем түрінде алды. Бағдарлама аясындағы барлық пәтер таза әрлеумен тапсырылуда. Онда интернет желісі тартылған, өрт дабылы, санитарлық жабдықтар, фаянс бұйымдары, сондай-ақ газ немесе электр плиталары орнатылған.

9 ай ішінде ең көп тұрғын Түркісіб ауданында – 127 адам, Жетісу ауданында – 107, Алмалыда – 58, Алатауда – 42, Әуезовте – 26, Медеуде – 18, Бостандық ауданында – 12 адам жаңа баспанаға көшті.

Бағдарлама аясында жыл басынан бері Алматыда 12 ескі үй бұзылды, жыл соңына дейін тағы алты нысанды сүру жоспарланған. Қоныстандыру мен сүру жұмысы тек меншік иелерінің келісімімен жүргізіледі.



Арнайы қажеттілігі бар тұрғындар үшін бірінші қабаттан немесе жеделсаты, пандусы мен кедергісіз кіру жүйесі бар үйлерден пәтерлер қарастырылған. Қала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында каркас-қамысты құрылыстар мен сейсмикалық белсенді аймақтардағы ғимараттарды бұзуға ерекше назар аударылып отыр. Ұсынылған нұсқалардан бас тартқан меншік иелері өз үйлерінде тұра беру құқығын сақтайды, алайда мұндай жағдайда өмір сүру тәуекелі үшін жауапкершілікті өздері көтереді. Капиталдық құрылыс кәсіпорны мен инвесторлар жыл соңына дейін қоныс аударған тұрғындар санын 667 адамға дейін жеткізуді жоспарлап отыр.

«Жаңарту бағдарламасы арқылы тұрғындардың өмір сапасының жаңа деңгейі қалыптасуда: жайлы жағдай, заманауи қалалық орта, қоғамдық кеңістік пен жаңа қызмет түрлері пайда болып отыр. Осы арқылы мегаполистің сәулеттік келбеті жаңарып, тұрғындар қауіпсіз әрі жайлы пәтерлерге қол жеткізіп келеді. 2030 жылға дейін тозығы жеткен үйлердің санын 1366-дан 690-ға дейін азайтып, шамамен 7500 меншік иесін көшіру жоспарланып отыр», – деді «Капиталдық құрылыс кәсіпорнының» басқарма төрағасы Ринат Құрманов.

Айта кетейік, «Алматы қаласының тұрғын үйді жаңарту бағдарламасы – 2030» жобасын қала әкімдігі әзірлеп, 2024 жылдың қарашасында мәслихат бекіткен. Бағдарламаның әкімшісі – «Алматы» ӘКК» АҚ, ал уәкілетті ұйым – «Алматы қаласы әкімдігінің Капиталдық құрылыс кәсіпорны» ЖШС.

БАЛАЛАРҒА БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛАДЫ

№2 Балаларға қолдау көрсету орталығы ғимаратын
қайта жаңғыртуға дайындық жұмыстары басталды

Жөндеу жұмысы кезеңінде тәрбиеленушілер уақытша №1 арнайы мектеп-интернатына көшірілді. Бұл туралы бұған дейін Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында хабарлаған болатын.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қазіргі таңда орталықта 100 бала тәрбиеленіп жатыр. Олардың 13-і мектепке дейінгі жаста болса, 87-сі мектеп оқушылары. Оқырманның есінде болса, бұған дейін Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында орталық ғимараты толық жөндеуден өтетіні туралы хабарланған

болатын. «Интегра» ЖШС әлеуметтік жауапкершілік аясында жөндеу жұмыстарын өз есебінен жүргізуге міндеттеме алып, балалар көшкен соң құрылыс-монтаж жұмыстарына дереу кірісуге дайын екенін мәлімдеп отыр.

Алматы қалалық Білім басқармасының басшысы Сайран Сайфеденовтің тәрбиеленушілерді орналастыру мәселесі ерекше бақылауда екенін жеткізді.

— Қазіргі уақытта жөндеудің жобалық-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр. Оның аясында негізгі ғимаратты қайта жаңарту

және ескі шаруашылық құрылыстарын ішінара бұзу қарастырылған. Сондай-ақ, жаңа әкімшілік корпус салу жоспарланған, – деді Білім басқармасының басшысы.

Сайран Сайфеденов қалалық Білім басқармасының қарамағындағы №1 арнайы мектеп-интернатының жағдайымен де толық таныстырып өтті:

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Балалар қауіпсіз
жерге көшірілді

Алматыда №2 Балаларға қолдау көрсету орталығының ғимаратын күрделі жөндеуге дайындық басталды. Осыған байланысты орталықтағы балалар уақытша «№1 арнайы мектеп-интернатының» ғимаратына орналастырылды. Балаларды жаңа ғимаратқа көшіру қауіпсіз түрде және қысқа уақытта жүзеге асырылды. Әрі олардың қауіпсіздігі тәрбиешілер мен әлеуметтік қызметкерлер жағынан қадағаланды. Орталық директоры Жұлдыз Меңлібекованың айтуынша, Бағанашылдағы 1962 жылы салынған бұрынғы ғимарат ескіріп, күрделі жөндеуді қажет еткен.

— Президент тапсырмасына сәйкес ғимаратты толық жаңарту және жөндеу жұмыстарына дайындық үстіндеміз. Ал әзірге балалар Торайғыров көшесіндегі жаңа ғимаратта тұрып жатыр. Мұнда барлық санитарлық және өрт қауіпсіздігі талаптары

«Екі апта бұрын мұнда «Жаңұя» мамандандырылған үйінің 90-нан астам тәрбиеленушісі тұрған болатын. Балалардың иелігінде 1100 шаршы метрден астам аумақ бар – бұл 18 бөлме, онда ағымдағы жөндеу жүргізілген. Апта соңына қарай

сақталған, бөлмелер кең әрі жарық. Балалар тез бейімделіп, өздерін жайлы сезініп отыр. Бізге қолдау көрсеткен Алматы қаласы әкімдігі мен Білім басқармасына үлкен алғыс білдіреміз, – деді орталық жетекшісі.

Балаларды уақытша көшіру олардың қауіпсіздігі мен болашағын қамтамасыз ету мақсатында жасалған.

Бүгінгі таңда Алматыда ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған сегіз арнайы мектеп-интернат жұмыс істесе, онда 2668 оқушы білім алып жатыр. Соның ішінде 1794 бала интернатта тұрады, ал 874-і үйде оқиды. Бұдан бөлек, өмірінде қиындық болып жатқан кәмелетке толмағандарға көмек көрсететін төрт ұйым бар. Бұл мекемелерде 446 бала тәрбиеленіп жатыр. Мәселен, 20 қыркүйекте Алматыда құрылыс компанияларының бірі 6 млрд. теңге қаражат есебінен салған жаңа «Жаңұя» мамандандырылған кешені ашылды. Бұл жоба әлеуметтік мәселелерді шешудегі мемлекет пен бизнестің тиімді серіктестігінің үлгісі болды.

ғимарат толық босатылғаннан кейін мердігер ұйым қайта жаңғырту жұмысына кіріседі», – деп нақтылады ол.

**Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Аяжан ҚУАНЫШОВА.**



● ЭКОНАУҚАН

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»:

Шаһар басшысының қатысуымен жалпықалалық сенбілік өтті

Алматы қаласында «Таза Қазақстан» экологиялық науқаны аясындағы кезекті жалпықалалық сенбілік өтті. Тазалық акциясына қала басшысы Дархан Сатыбалдымен бірге мәслихат депутаттары, басқармалар мен коммуналдық қызмет өкілдері қатысты. Сондай-ақ, ауқымды сенбілікке мәдениет және өнер қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары мен еріктілер атсалысты.

Бостандық ауданындағы «Достық» саябағында өткен эко-акцияға 500-ге жуық адам қатысты. Саябақ аумағы құраған жапырақтар мен тұрмыстық қалдықтардан тазартылды. 2 гектарға жуық аумақ тазаланып, 50-ге жуық ағаш пен бұта түрлері отырғызылды.

«AMANAT» партиясы Алматы қалалық филиалының төрағасы Станислав Канкуровтың айтуынша, жыл басынан бері 65 іс-шара ұйымдастырылған. «Бәріміз Алматы деп аталатын бір үлкен үйде өмір сүріп жатырмыз. Оның тазалығы мен жайлылығы тек жауапты тұлғаларға емес, бәрімізге ортақ. Сондықтан бүгін белсенді жастар мен қоршаған орта тазалығына бей-жай қарамайтын тұрғындар сенбілікке қатысып жатыр», – дейді Станислав Канкуров.

Бұл Алматыны тіпті де көрікті ете түсуге бағытталған қадам дейді ҚР мәдениет қайраткері, Қазақ радиосының ардагері Аманжан Еңсебайұлы. «Әсіресе, жастардың бойында сұлулыққа, тазалыққа, мәдениетке деген көзқарас дұрыс болуы керек.

Мұндай сенбіліктер нағыз тәрбие мектебі деп бағалаймын», – дейді ол. «Сенбілік Бостандық ауданында ғана емес, жалпы қала көлемінде өтіп жатыр. Тұрғындардың белсенділігі жоғары. Ауданымыздағы іс-шараға жоғары оқу орындарының студенттері, Ішкі істер министрлігі академиясының курсанттары және саябақ маңындағы тұрғындар да белсене атсалысты», – дейді Бостандық ауданы әкімдігі аппаратының бөлім басшысы Асыл Бағдатұлы. Оның айтуынша аудан тұрғындарының қатысуымен «Южный» және «Атакент» саябақтары, сондай-ақ адамдар көп жүретін көшелер мен қоғамдық орындарда сенбіліктер тұрақты өтіп тұрады.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений МҰХАМЕДЖАНОВ,
қоғам белсендісі, эколог:

Күнделікті өмір салтына айналуы тиіс

Әрдайым осындай сенбіліктер мен түрлі экологиялық іс-шаралар кезінде адамдарға тек бір нәрсені түсіндіреміз. Экология бір реттік іс-шарамен шектелмеуі керек, күнделікті өмір салтына айналуы тиіс.

Тек ағаш отырғызып, адамдармен әрі қарай жұмыс жүргізбесек, ештеңені өзгерте алмаймыз. Сол сияқты, тек қоқыс жинау немесе жапырақ тазалау арқылы экологиялық сана қалыптаспайды. Мектептерде, компанияларда, тұрғын үйлерде интерактивті форматта экологиялық ағарту жұмыстарын үздіксіз жүргізу қажет.

Яғни кез келген іс-шара экологиялық сипатқа ие болуы тиіс. Мысалы, Алматы марафоны, халықаралық теннис немесе шахмат сияқты спорттық чемпионаттарда, түрлі фестивальдер кезінде элементтерді енгізу керек. Сонда ғана экологиялық сауаттылықты санасына сіңіре аламыз.



ҚАЛА КӨРКІ – ҚАЖЫРЛЫ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

Алматының тазалығы – әрбір тұрғынның өмір сапасына әсер ететін басты көрсеткіштердің бірі. Қаланың ретті келбетінің астарында таңмен таласа жұмыс істеп, қала көшелерін тазалап, жол бойын қар мен қоқыстан арылтып жүрген жандардың еңбегі жатыр. Солардың бірі – Әуезов ауданындағы өтпелі көшелердің тазалығына жауапты «Хасен Тас Жол» ЖШС ұжымы. Біз бөлім басшысы Қуаныш ЖАЙЛАУБАЕВПЕН кездесіп, тазалық саласындағы еңбек пен жауапкершілік туралы әңгімелестік.



– Қуаныш Құрманғалиұлы, ең алдымен мекеменің негізгі қызметі туралы айтып өтсеңіз...

– Біздің серіктестік Алматы қаласы Әуезов ауданындағы өтпелі көшелердің тазалығын қамтамасыз етеді. Бұл бағыттағы жұмыстарды үш жылдық келісім негізінде атқарып жатырмыз. Негізгі міндетіміз – көлік жолдары мен тротуарларды тазалау, жазда шаң мен қоқысты жою, қыста қардан тазартып, көктайғақтың алдын алу. Арықтардың тазалығын сақтау да біздің жауапкершілігімізде. Аудан аумағында өтпелі көшелер бойынша қазір 2 бригада жұмыс істейді. Бірі Саин көшесінің шығыс бағытына жауап берсе, екіншісі батыс бағыты бойынша жұмыс істейді. Екі жақта да тоқтаусыз жұмыс атқарылады.

– Аудан бойынша өтпелі көшелердің ұзындығы қанша шақырымды құрайды?

– Ауданымыздағы өтпелі көшелердің жалпы ұзындығы 75 шақырым. Оның ішінде 44 шақырымы – тротуарлар, 22 шақырымы – арық жүйелері мен көгалдандырылған аймақтар. Өздеріңіз білесіздер, қазір қала қозғалысы қарқынды, халық та, көлік те көп жүреді. Сол себепті, біз тазалық жұмыстарын тәулігіне бірнеше рет жүргіземіз. Қыста қар қалың түскен күндері жұмысшылар таңғы төрттен бастап жұмыс істейді.

– «Қыстың қамын жазда ойла» дегендей, күз-қыс маусымына дайындық қалай жүріп жатыр?

– Қазір жапырақтар түсіп жатқан кез. Сол себепті,



Суретті түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

арықтар мен жол жиектерін тазалауға ерекше көңіл бөлудеміз. Өйткені, уақытында тазаланбаған жапырақ су өткелдерін бітеп, жаңбыр кезінде жолға су шығарады. Бұл жағдайға жол бермеу үшін барлық күш жұмылдырылған. Қысқа дайындық жұмыстары да толық жүріп жатыр. Техникалар жөнделді, тұз бен құм қоры жеткілікті, жұмысшыларға жылы киімдер мен қауіпсіздік құралдары берілді. Қысқа толық дайынбыз деп айтуға болады.

– Қар тазалау және көктайғақтың алдын алу қалай ұйымдастырылады? Жалпы, жиналған қарды қайда шығарасыздар?

– Қар жауа бастаған сәттен-ақ арнайы техника көшелерге шығып, тұз аралас құм себуді бастайды. Бұл – жолдың тайғақ болмауы мен көлік қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жасалатын шара. Сондай-ақ, жаяу жүргіншілер жолдарына да реагенттер себіліп, тұрғындарға қолайлы жағдай жасалады. Қыс мезгілінде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылып, ауа райына қарай жедел әрекет етеміз.

Негізі, қар – еріген кезде үлкен көлемдегі суға айналатын масса. Егер оны дер кезінде шығармасақ, көшелерде су жиналып, көлік қозғалысы мен жаяу жүргіншілерге кедергі келтіреді. Сол себепті, қардың мөлшеріне қарай тиісті шаралар қабылдаймыз: кей

көліктермен қамтамасыз етілген. Қолданыста қар тазалайтын техника, құм-тұз себетін машиналар, тротуар тазалайтын шағын тракторлар, жүк көліктері және көше жуатын арнайы машиналар бар. Барлық техника уақытылы тексерістен өтеді. Қазір мемлекет тарапынан ұсынылып жатқан жеңілдіктерді пайдалану мәселесін қарап жатырмыз. Сол арқылы автопаркте кезең-кезеңімен жаңарту жоспарда бар.

– Қала басшылығы еңбек адамдарының жағдайын жақсартуға баса мән беріп келеді. Жақын-да қала әкімінің орынбасары Алмасхан Сметлаев аула сыпырушылардың жалақысы көтерілетінін айтты. Бұл жөнінде не айта аласыз?

– Иә, бұл бағытта жақсы жаңалықтар бар. Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында қала әкімдігі қарапайым еңбек адамдарының еңбегін бағалап, жалақысын көтеруді қолға алды. Бұл – біздің саладағы жұмысшыларға үлкен қолдау. Шын мәнінде, таңнан кешке дейін қаланың көркі үшін тер төгетін жандардың еңбегі – қала келбетінің басты кепілі. Олардың еңбегі мемлекет тарапынан ғана емес, қоғам тарапынан да құрметтелуі керек деп санаймын.

Сұхбаттасқан
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ТІЛ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРЛАНЫ

Алматыда Шора Сарыбаевтың 100 жылдығы аталып өтті

Ғалымның ғасырлық мерейтойына орай Алматыда халықаралық конгресс өтті. Жиын тақырыбы – «Жаһандану дәуіріндегі тіл тағылымы, филология және түркітанудың өзекті мәселелері» деп аталды. Тіл ғылымының тарланы еске алу іс-шарасына ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, қоғам қайраткерлері, отандық және шетелдік тілтанушы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Конгресс барысында Саясат Нұрбек Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді: «Шора Сарыбаев – тіл ғылымын дамытуға, оның тарихын терең зерттеуге айрықша еңбек сіңірген ғибратты ғалым. Ол ана тіліміздің көкжиегін кеңейтіп, ғылыми дамуына зор үлес қосты. Белгілі академик қазақ тілінің аймақтық сөздігін құрастыру мақсатында арнайы экспедициялар ұйымдастырып, іргелі зерттеулер жүргізді. Қазақ және түркі тілдерінің диалектологиялық атласын жасауға белсене атсалысты, тіл білімінің библиографиясын әзірледі. Ғалымның еңбек жолын отандық ғылымға деген адалдықтың озық үлгісі деуге болады», – делінген Президент құттықтауында.

Конгреске Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан және Қырғызстаннан келген жетекші ғалымдар сөз алды. Олар бұл іс-шараның бүкіл түркі жұртына ортақ екенін мәлімдеп, ғылыми зерттеулерін бөлісті. Іс-шарада Шора Сарыбаевтың ғылыми мұрасы жинақталған 6 кітаптың тұсауы кесілді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қаламқас СЕЙДОЛЛАҚЫЗЫ, филология ғылымының докторы, профессор:

НАҒЫЗ АКАДЕМИЯЛЫҚ МЕКТЕПТІҢ ӨКІЛІ
Шора Сарыбаев – қазақ диалектологиясының негізін қалаған, ғылымға терең бойлаған ерекше тұлға. Ғалымның тәлімін алдық, бірге қызметтес болдық. Диссертациялық кеңесте кеңесші болды, дәріс оқыды, семинарлар жүргізді. Біз ол кісіден ғылыммен шынайы айналысудың жолын үйрендік. Артында қалған мұраларын зерттей келе, оның тек ғылымға ғана емес, ғылыммен айналысу әдістемесіне де үлкен үлес қосқанына көз жеткіздік. Ол – нағыз академиялық мектептің өкілі. Осы мақсатта мен Шора Шамғалиұлының студенттік кезеңінде қатысты мұрағаттық құжаттарды зерттеп, мақала жаздым. Құжаттардан сол дәуірдегі білім беру мазмұны мен ғылымға қойылатын талаптардың биіктігін аңғаруға болады.

«БАЙҚАМАЙДЫ ЕКЕНБІЗ, БАҚЫТ ДЕГЕН – ЕКЕУМІЗ»

Жұлдызды жұп –
Мирас пен Құралай бренді қалай қалыптасты?

«Байқамайды екенбіз, бақыт деген – екеуміз». Белгілі ақын Қадыр Мырза-Әлінің осы бір өлең жолдары бір-біріне ынтық қыз бен жігіттің махаббат әлемінен сыр шертіп тұрғаны анық. Ал өнердің де, өмірдің де айдынында қатар жүзіп келе жатқан Мирас пен Құралай Бекжановтардың бізге берген сұхбатының өн бойынан дәл осы бір сөздердің ұшқынын көргендей болдық. Кәне, жұлдызды жұптың әлеміне бірге сапарлайық.

ТІЛШІ: – Сіздерді бір-біріңізден бөлек алып қарау мүлдем мүмкін емес. Заманауи тілмен айтсақ, «Мирас пен Құралай» бренді қалыптастырдыңыздар. Өнер айдынында қол ұстасып келе жатқандарыңызға қанша жыл?

МИРАС: – Құралай екеуміздің шаңырақ көтергенімізге – биыл жиырма бес жыл. Ал қол ұстасып, ән айтып жүргенімізге – жиырма жеті жыл болыпты. Екеуміз студент кезімізде Алматының Неке сарайына жұмысқа кіріп, дүзт болып өлең айтатынбыз. Енді ғана шаңырақ көтеріп жатқан жас жұбайлар біздің әнімізбен баспалдақпен көтеріліп, салтанатты залға кіріп, некесін заңдастырып, ақ паракқа қолдарын қойып, тіркеуден өтетін. Солай талай жастың бақытты сәтіне куә болғанбыз.

ТІЛШІ: – Қазір қаншалықты өстiңiздер? Өнер әлемiндегi тоқырау, өрлеу – қайсысын көбірек өткердіңiздер?

МИРАС: – Консерваторияны бітірген соң екеуіміз шаңырақ көтердік. Ақтөбедегі Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледжіне жұмысқа кірдік. Одан Ғазиза Жұбанова атындағы Ақтөбе облыстық филармонияда, сосын Құдайберген Жұбанов атындағы мемлекеттік университетте де қосымша жұмыс істеп жүрдік. Жас отбасымыз. Өмірге құштармыз дегендей. Шаршауды білмейтінбіз. Сөйтіп, төрт-бес жерде қатар істеп жүрдік. Үш-төрт жылдан кейін Астанадағы «Шабыт» музыка академиясына аспирантураға түсіп, оны да ойдағыдай бітіріп шығып, қайтадан Ақтөбеге оралып, филармониядағы жұмысымызды жалғастырдық. Оркестрмен ән айтып жүріп, арасында жеке концерттімізді де беріп қоятынбыз. Шынымды айтсам, бізде тоқырау деген мүлдем болмаған секілді. Бәлкім, екеу болып жүргесін бе, әлде әке-шешемізбен тұрғандықтан болар, көтерген жұлдыздың қолында да сезілмейтін.

Бірде «Нұр-Мұқасан» тобындағы Мұқасан Шахзадаев: «Жиын-тойларда дуэттеріңе жұртшылық ықыластана қол соғатынын байқап жүрмін. Алматыға көшіп келсеңдерші. Алып мегаполисте мүлдем басқа орта, үлкен сахна дегендей. Сендерден жұлдызды жұп көріп тұрмын», – деді. Сол бір ауыз достық пейіл бізге қанат бітіріп, Алматыға ұшып келдік. Біржолата көшіп келдік. Бізді қарсы алған да Мұқасанның өзі. Бірден белгілі сазгер, талай әншінің жұлдызын жаққан Бағлан Омаровпен таныстырды. Кейін бізге де жанаушы, туған ағамыздай болып кетті. Продюсерлігі бөлек әңгіме!

Сөйтіп, Бағлан ағамыздың студиясында ең алғаш «Асыл жарым» деген әнімізді жаздырық. Ерлан Нұрманғалиев деген композитор сонау Арқалықтан келіп, осы туындысын Бағлан Омаровқа қалдырып кеткен екен. «Кімге лайықты деп тапсан, соған сыйласың» деп. Ал өз кеп ұзамай сырқаттанып, қайтыс болып кеткен екен. Сол әдемі ән бізге бұйырды. Және біздің болмысымызға, жан-дүниемізге дәл келе қалды. Сондықтан болар, бізді танымал еткен сол «Асыл жарым». Көп ұзамай Темірбек Жүргенов атындағы Өнер академиясына қызметке кірдік. Арада аз өтпей, Құралай декреттік демалысқа шығып кетті. Ал мен жұмысымды жалғастыра бердім. Ол екі жыл Өнер академиясында вокалдан сабақ бердік. Ал қазір Алматы облысы мәдениет басқармасына қарасты «Алатау әуендері» ұжымының әншілеріміз. «Қаншалықты өстiңiздер?» деген сұрағыңызға айтып жатқанымыз ғой. Сол жүріп өткен жолдардың жемісі болар, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген дәрежеге жеттім. Құралай болса, «Мәдениет саласының үздігі» атағын иеленді. Бізге үздік деген атақты алып беріп жатқан, әрине, халық, өнерімізді бағалайтын көрермен.

ТІЛШІ: – Ән таңдағанда көбінесе кім бастама көтереді? Ең бастысы неге мам бересіздер – әуенге ме, әлде сөзге?

ҚҰРАЛАЙ: – Көбіне Мирас көтереді бастаманы. Мен қуат-

таймын. Себебі, оның биік талғамына сенемін. Жалпы, құлаққа кез келген өлеңнің әуелі әуені келеді ғой. Жағымды болғаны, әрине, маңызды. Дегенмен, біз Мирас екеуіміз де мектепте орысша оқығанымызбен, сөзіне, қазақы мағынасына көбірек үңілеміз. Тіпті, бізге ұсынылған шығарманы филолог, ақын достарымызға көрсетіп аламыз, ұйқасы қалай, сөз тіркесі дұрыс тұр ма деп кеңес сұраймыз. Үйдегі анамыздан да пікір сұрайтын сәтіміз аз емес. Жалпы, не нәрсенің де көппен шешілгені жақсы ғой. Сондай-ақ, жақсы сөз бен жағымды әуен ұрпақ тәрбиелеуге қауқарлы үлкен күш екені анық.

ТІЛШІ: – Қазақ эстрадасында «арзан» әндер көбейді деген пікірмен келісесіз бе?

МИРАС: – Жалпы, біз сыншы емеспіз ғой. Екіншіден, өзгені жамандауға құқымыз да жоқ. Дегенмен, қоғамның бір мүшесі ретінде пікірімді айтар болсам, халықтың сұранысы сол деңгейге түсіп кеткен секілді көрінеді маған. Сондай жеңіл әндерді тыңдап, соған билеп, көңіл көтергенді қалап тұратындай. Соған қарай кейбір әншілер де арзан дүниелерге әуестеніп кеткендей. Оқушы күнімде мынаны жиі еститінмін. Бір ән жарыққа шықса, ол әуелі Композиторлар одағының талқысына салынады екен. Одан соң Жазушылар одағына келіп түседі. Ондағылар «бұл өлеңді кім жазды, бұрынғы шығармалары қандай еді?» деген секілді електен өткізген. Тіпті, сол одақтардан құралған көркемдік кеңес «бұл әнді қай әншіге ұсынамыз, шығарманың табиғаты қай өнерпазға келеді?» деп ортаға салатын болған. Бәлкім, ол ән тыңдарманға алғашқы күні, екінші күні де, тіпті үшінші күні де ұнамауы мүмкін. Бірақ күнде қайталап тыңдай берген соң, жүрегіне жол тауып, сол жоғары әннің деңгейіне өзі де көтеріліп мүмкін ғой. Ән де – идеология. Ал қазір керісінше. Тыңдарман әншілерді тәрбиелеп кетті. Өкінішке орай, сол деңгейге түсіп бара жатырмыз. Сондықтан баяғы тегеурінді, бақылаушы, көркемдік кеңес деген керек болып тұр.

ТІЛШІ: – Қазір бұрынғыдай емес, жұлдызды жұп көбейді. Сіздердің ерекшеліктеріңіз неде?

ҚҰРАЛАЙ: – Екеуіміз де классикалық бағытты біліп алдық қой. Эстрада да жоламызды айқындап алған жұппыз. Билтыр Республика сарайында Мирастың елу жасқа толған мерейтойына орай «Біздің ән» деген атпен жеке концерттімізді бердік. Бірінші бөлімі «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің сүйемелдеуімен, ал екінші бөлімі эстрадалық жанрда өтті. Оның алдындағы жеке концерттімізде бірінші бөлімде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі мен Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясының сүйемелдеуін салмағыз, орыс, совет композиторларының классикалық танымал әндерін шырадық. Екінші бөлімді эстрадаға арнадық. Ерекшелігіміз сол шығар.

ТІЛШІ: – Уақыт өте келе әндеріңізді келешек ұрпақтың қалай еске алғанын қалар едіңіздер?

МИРАС: – Киелі сахнада жүрген соң, әрине, ізіңнің қалғаны жақсы ғой. Мен, мысалы, Ермек Серкебаевтың әндерін тыңдап, жаным рахаттанып, бір тынығып қаламын. Біздің әндерімізді де күндердің күнінде тыңдармандарымыз «Мирас пен Құралайдың әндері жанымызға шуақ себеді» деп жатса, өнерде бекем жүрмегеніміз ғой. Қазір Қазақ радиосының «Алтын қорында» біздің де дауысымыз, өнеріміз жазылып қалып жатыр. Ол да бізге шабыт сыйлайды.

ТІЛШІ: – Отбасылық өмір мен өнерді қатар алып жүрудің қиындығы бар ма? Әлде, екеу болып жүрген соң бәрі оңай ма?

ҚҰРАЛАЙ: – Бізге бәрі оңай. Бір-бірімізді бір ауыз сөзсіз-ақ, бір көзқарастан, ымымен-ақ түсіне қоямыз. Себебі, екеуіміз – бір адамбыз.

МИРАС: – Осы ретте есіме түсіп отырғаны, баяғыда Құралайдың аяғы ауырлап демалысқа шығып кеткенде, мені ешкім аңайтуға тойға да шақырмай қалғаны бар. Өйткені, халық бізді бір адам ретінде көреді, дүзт ретінде іздейді.

ҚҰРАЛАЙ: – Бірақ бір минусы бар: гастрольдік сапарларға кеткенге балаларымыз үйде қалады. Әрине, жалғыз қалмайды. Біз анамызбен тұрамыз ғой. Шыны керек, балаларымыздың қалай есіп қалғаны да білмейпіз. Мамамызға үлкен рахмет, бізді жоқтап-тауға тырысады. Дегенмен, балаға ата-ананың махаббаты арқашан керек. Біз балаларымыздың барынша мейірім, қамқорлыққа бөленіп өскенін қалаймыз. Тұңғышымыз – Іңқар Алматы менеджмент университетін бітіріп, жұмысқа орналасты. Ал екінші қызымыз – Камшатты жақында ұзаттық. «Нархоздың» студенті. Жас қой демедік, көңіл жарастырған адамымен

арасындағы махаббатты құрметтеп, батамызды бердік. Арыстанбегіміз он төртте, музыка мектебін бітірді. Ал кіші қызымыз Айсулу музыка мектебіне ән сабағына барып жүр. Барлық ата-анаға осылай ұрпағымен мақтанып отыруға жазсын деп тілеймін.

ТІЛШІ: – Бір-біріңізді қиын сәтте қалай қолдайсыздар?

МИРАС: – Жаңа ғана Құралай айтып кеткендей, бізге бәрі жеңіл. Қиындық дегенді ең алғаш бас қосқанда кешкеніміз бар. Төрт жылға дейін бала сүйе алмадық. Құралайға дәрігерлер «ешқашан бөпелі бола алмайсыз» деп диагноз қойып тастаған кез. «Мирас, мені жібер. Семейіме қайтайын. Саған еш өкпем жоқ. Тағы да үйлен, ұрпақ сүюің керек, үбірі-шүбіріл бол, мен саған тілекшімін» деп жылады бір күні. Ол кезде Ақтөбеде тұрамыз. Сондай сәтте әке-шешемнің, әсіресе, анамың қолдауы керек болды. «Бәрі жақсы болады. Уайымдамаңдар, оқуларыңды жалғастырыңдар. Астанаға барыңдар, жер ауыстырыңдар» деді. Сөйтіп, үлкен қалаға қоныс аударуға ниеттеніп жүрген кезімізде Димашымыздың анасы – Света Айтбаева Раушанын өмірге әкеліп, адал досымыз Қанат пен Светаның өтінішімен сол сабиге кіндік әке-шеше болғанбыз. Ниет, тілек, ықылас, пейіл деген қандай! Біз үлкен жолға жиналып жатқанда Света Құралайға Раушантайымыздың иткөйлегін ырымдап берген екен. Қазір, Аллаға шүкір, төрт перзентіміз бар. Бізге сонда күш берген – сенім, үміт және махаббат.

ТІЛШІ: – «Бақытты отбасы» деген ұғымды қалай түсіндірер едіңіздер?

ҚҰРАЛАЙ: – Бұл сұрағыңызға былай жауап берсем қалай болар екен? «Сіздердің жолдарыңызды берсін, екі жасты кіргізіп, тойымызды бастап берсеңіздер, қызымызды ұзатып шығарып салсаңыздар. Болашақта екеуіңіз сияқты қол ұстасып жарқырап жүрсе, көп бала сүйсе дейміз» деп ырымдап шақырып жатады. Бізге өнерімізді сүйетін тыңдармандарымыздың «Бақытты отбасы» деп берген осындай бағасынан асырып ештеңе айта алмаспыз-ау.

ТІЛШІ: – Қазіргі жастарға ең алдымен қандай құндылықтарды дәріптеу керек деп ойлайсыздар?

МИРАС: – Ең алдымен сабырлы, ұстамды бола білу керек дер едім. Бүгінде екінші бірі ажырасып кетіп жатыр. Себебі, қазіргі жастардың көбі сабырсыз. Екі тараптың уәжін тыңдай қалсаңыз, «сен менің шалбарымды дұрыс үлгітемедің», «мамама біреңе деп қалдың» секілді болмашы ұсақ-түйекті теріп алады да, ақыр соңында бір-біріне иілгісі келмей, екі жаққа кетіп тынады. Әлгіңде ғана айттым ғой, Құралайға «сәби сүйе алмайсыз» деп медицинаның өзі үкім шығарғанда, екеуіміздің үлкендерге көрсетпей көрпе астында талай тұншығып жылаған түңдеріміз болған. Ал мен өмірлік болуға сертесіні алған жарымды енді керекті жоқ деп қалай апарып тастаймын?! Азаматтығым, адамгершілігім қайда?! Сондай қиын сәтте бізді алға жетелей білген сабыр деген үлкен досымыз болатын.

ТІЛШІ: – Сіздерде бой да, келбет те бар. Киноға түсуге шақырса, барар ма едіңіз және кімді сомдағыңыз келеді?

МИРАС: – Бізге кішігірім эпизодтық рөлдер ұсынылған сәттер болды. Бірақ мен ойлаймын, «Шымшық сойса да, қасап-шы сойсын» демекші, әр адам өзінің мамандығының шыңына жетсе де жаман емес. Құралай екеуімізде де кәсіби музыкалық білім бар, дәріс те оқыдық. Айтпақшы, біздегі жақсы жаңалық



– Астанадан да «Мирас – Құралай» өнер мектебін ашып жатырмыз. Білімді мұғалімдер жинадық. Өзіміз де жүрегі өнер деп соққан балалармен етене араласып, шеберлік сабақтарын жүргізіп отырмақпыз. Білгенінді үйрету, бөлісу – ол да адамдық парыз.

ТІЛШІ: – Егер әнші болмасаңыз, басқа кім болуыңыз мүмкін еді?
ҚҰРАЛАЙ: – Мен өзімді басқа мамандықта мүлдем елестете алмаймын. Қандай тосын жағдай болмасын, әнші болар едім. Ал Мирас бәлкім инженер-механик болар ма еді. Себебі, темір-терсекке, техникаға жақын.

ТІЛШІ: – Өз-өзіңізге сыймай асып-төгіліп қуанған сәтіңіз қайсы?

МИРАС: – Астанадамыз. Аспирантурада оқып жүрген кезіміз. Бір күні Құралай «аяғым ауыр» дегенде, жүрегім кеудеме сыймай атқақтап, үйге телефон соғу үшін телеграфқа қарай жүгірген сәтімді әлі күнге ұмытпаймын.

ТІЛШІ: – Мирас пен Құралай үйде қандай: қатал, талапшыл, әлде жұмсақ? Не нәрсеге (әлде кімге) «жоқ» дей алмайсыздар?

МИРАС: – Негізі екеуіміз де жұмсақпыз. Бауырымызды. Қарапайымбыз. Сол қасиетіміздің арқасында айналымызға жақсы дос



ALMATY PUPPET FESTIVAL

қуыршақтардың әлемдік сахнасына айналды

10 қазан, Алматыда III Халықаралық Almaty Puppet Festival шымылдығын ашты. Ауқымды мәдени іс-шараны Алматыда Мемлекеттік қуыршақ театры өткізіп отыр. Салтанатты ашылу салтынан кейін, алғашқы болып Ресейдің Рязань қаласынан келген қуыршақ театры «Серебряное копытце» қойылымын сахналады.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл халықаралық жоба театрдың 90 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылып отыр. Ашылу салтанатына Асанәлі Әшімов, Құралай Ешмұратова қатарлы Қазақстанның халық әртістерімен қатар Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков және басқа да өнер иелері қатысып, құттықтау сөзін сөйледі. Биылғы фестивальге Италия, Испания, Иран, Үндістан, Ресей, Болгария, Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстаннан келген 15 үздік театр ұжымы мен 150-ге жуық кәсіби қуыршақ шебері қатысқан. Фестиваль қуыршақ өнерінің мүмкіндігін кеңінен танытып, әр елдің мәдениеті мен шығармашылығын тоғыстыратын маңызды мәдени шара болмақ.

Ресейлік театртанушы Диана Давлетшина қуыршаққа жан бітіру сынды айрықша өнердің жоғалып кетпеуі үшін мұндай мәдени іс-шаралардың маңызы зор деп санайды. Ол сөзінде:



«Қазір қуыршақ театры сахнасында қуыршақпен қатар актердің өзі де жиі көріне бастады, яғни қойылымдар біртіндеп драмалық театр элементтеріне жақындап келеді. Соңғы жиырма жылдағы қуыршақ театрының даму үрдісінде, әсіресе, Ресей мен Қазақстан театрларында бір айқын тенденция байқалады. Бұл құбылыс мені аздап алаңдатады, өйткені қуыршақ театрының басты ерекшелігі – жансыз бейнеге жан бітіре алу өнерінде. Ал дәл осы шеберлік жоғалып кету қаупінде тұр. Сол себепті, бүгінгі фестивальде де мен ең алдымен осы дәстүрлі өнердің, қуыршаққа жан берудің сиқыры сақталып, сахна терінде өз орнын жоғалтпаса екен деп тілеймін», – дейді Башқұртстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері.

Айта кетейік, Алматыдағы фестиваль 14 қазанда аяқталады. Түрлі номинациялармен үздік деген көшбасшылар тандалатын болады. Бұл іс-шара қуыршақ театрының көркемдік мүмкіндіктерін кеңейтіп, халықаралық шығармашылық ынтымақтастықты дамытуға және көрермендерді заманауи қуыршақ өнерінің жаңа бағыттарымен таныстыруға жол ашады.

ЗАМАНАУИ КАМПУС

Almaty Polytechnic College 85 жылдық белестен өтті

Almaty Polytechnic College өзінің 85 жылдық мерейтойын атап өтті. Дүбірлі іс-шара Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында әрі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі күніне орай ұйымдастырылды.



Нұржамал
ӘЛІШ

Онда Жолмұқан Түркпенұлы, Серік Нүсіпбеков, Нұрдәулет Жабықпаев қатарлы білім ошағаның бұрынғы басшылары сөз сөйлеп, колледждің кешегі келбеті мен бүгінгі белесі туралы ой толғады.

Иә, Алматыдағы алғашқы әрі жалғыз кинотехникум бүгінде еліміздегі жетекші оқу орындарының біріне



(Сурет: автордікі)

айналған. Колледждің цифрлық білім берудің флагманы ретіндегі орны жоғары. Бүгінгі 85 жылдық мерейтойы тарих пен болашақты тоғыстырды. Әрі бұл – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің Қазақстан экономикасын дамыту мен цифрлық дәуірге кадрлар даярлауға қосқан үлесін айқындайтын айтулы оқиға.

Almaty Polytechnic College халықаралық ынтымақтастықты белсенді дамытып келеді: оқу орны «Жібек жолы шеберлері» халықаралық альянсының мүшесі. «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында жобаларды жүзеге асырады, сондай-ақ студенттер мен оқытушылар Қытай, Малайзия, Түркия, АҚШ және Оңтүстік Кореяда академиялық ұтқырлық және интернационалдандыру аясында тағылымдамадан өтуде.

Колледждің жоғары нәтижелері WorldSkills қозғалысында да дәлелденді: команда бірнеше рет қалалық және ұлттық чемпионаттардың жеңімпазы әрі жүлдегері атанып, мамандар даярлаудың сапасын растады.

Мерейтой аясында колледждің IT Hub орталығында студенттердің инновациялық жобалары мен әзірлемелерінің көрмесі ұйымдастырылды. Онда web-әзірлеу, робототехника, жасанды интеллект, 3D-модельдеу, графикалық дизайн және цифрлық шешімдер саласындағы жобалар ұсынылды. Сондай-ақ, оқу орнының мұражайына экскурсия ұйымдастырылды. Мерейтойда Құдайберген Бекіш, Кенжебек Жанәбілов сынды танымал өнер жұлдыздары өнер көрсетті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Станислав КАНКУРОВ,
«АМАНАТ» партиясы
Алматы қалалық филиалының төрағасы:

Мен де осы колледж түлегімін

Колледж 85 жылдық тарихында Кеңес дәуірінен бастап тәуелсіз Қазақстан кезеңіне дейін еліміздің техникалық және инженерлік саласына сан мыңдаған білікті маман даярлап, олардың өмір жолында сенімді баспалдақ болды. Оқу орнының бай тарихы – қажырлы еңбек пен табыстың айғағы. Колледж түлектері еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, өз саласында абыройлы қызмет атқарып келеді.

Мен де осы оқу орнының түлегі ретінде өздеріңіз берген білім мен тәрбиенің арқасында көптеген жетістікке жеттім деп айта аламын. Қалалық мәслихаттың бірнеше шақырылымының депутаты, мәслихат төрағасы болып қызмет атқардым. Бұл мен үшін мақтаныш әрі кейінгі буынға, колледж түлектеріне зор сенім мен шабыт береді деп ойлаймын.

Медет ОМАРБЕКОВ,
Almaty Polytechnic College директоры:

60 мыңнан астам маман даярлап шығарды

85 жыл ішінде 60 мыңнан астам маман даярлап, олар еліміздің өнеркәсібін, кино және теледидар, IT саласын және жалпы цифрлық экономиканы дамытуға зор үлес қосты. Қазіргі күні бізде 1400-ден астам студент бес сұранысқа ие мамандық бойынша білім алуда.

Заманауи кампус «ақылды» білім беру стандарттарына сай жабдықталған: 500-ден астам компьютер, ондаған интерактивті панель, интеллектуалды бейнабақылау камералары және Face ID жүйесі бар. IT Center аясында Cisco академиясы, Apple зертханасы, Festo мехатроника зертханалары, web-дамыту, 3D-модельдеу, графикалық дизайн және CAD инженерлік графикасы зертханалары жұмыс істейді. Бұл алаңдар студенттерге тәжірибеге негізделген білім беріп, төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында сұранысқа ие құзыреттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Кәсіптік білім:

БІЛІКТІЛІК ӘЛІППЕСІ

Мектеп оқушылары үшін «Шеберлік құпиялары» дәрісі ұйымдастырылды

№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжінде тәлімді тәрбие сағаттары мен кездесу кештері жиі өтіп отырады. Бұл өз кезегінде болашақ ұстаздардың таным дүниесі мен қалыптасуына оң әсерін тигізеді. Еліміздегі «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру қызметкерлері күні» кәсіби мерекесі аясында аталмыш оқу ордасы Түрксіб ауданына қарасты жалпы білім беретін мектептердің 9-сынып оқушыларына арнап «Шеберлік құпиялары» атты шеберлік-сыныбын ұйымдастырды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Аталмыш іс-шара мектеп оқушыларының колледж базасына саяхат жасауымен басталды.

«Бастауыш сынып мұғалімі», «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктіліктері бойынша 2 секцияға бөлінген оқушылар мамандықтардың қыр-сырына бойлап, қоғамдағы әлеуметтік маңызы туралы ақпарат алды.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен



оқыту ұйымдарының тәрбиешісі» біліктілігіне ұйымдастырылған шеберлік сыныбы барысында оқушылар «Шығармашылық шеберлік» бұрышымен танысып, «Ертегі терапиясы» және «Асық терапиясы»

әдістері арқылы «Тәрбиеші» бейнесін таныды.

«Бастауыш сынып мұғалімі» біліктілігіне шеберлік сыныбына қатысқан оқушылар «Мұғалімнің құпия миссиясы» квест ойыны арқылы «Алғырлар», «Шығармашылдар», «Ұстаз болашақ» топтарына бөлініп, тапсырмаларды орындау арқылы бастауыш сынып мұғалімінің бойындағы кәсіби қасиеттерді анықтады.

Болашақ ұстаздар өздерін мазалап жүрген сауалдарға жауап ретінде берілген смайликтер, сөздер, стикерлер арқылы постер құрастырды.

АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

«ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ»:

әлеуметтік жоба аяқталды

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен және «АМАНАТ» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» жастар қанатының ұйымдастырған «Тұтынушылардың құқығын қорғау» жобасы өз мәресіне жетті. Аталмыш жоба 2025 жылдың сәуір-қазан айлары аралығында жүзеге асырылды.

Жоба аясында қала жастары мен тұрғындарының тұтынушылық мәдениетін қалыптастыру, құқықтық сауаттың арттыру бағытында бірқатар кешенді іс-шаралар ұйымдастырылды.

12 жоғары оқу орнында 1000-ға жуық студенттің қатысуымен ақпараттық дәрістер өтті. Лектор-заңгерлер тұтынушылардың құқығын қорғау тетіктері мен заң нормаларын түсіндіріп, нақты мысалдар арқылы кеңес берді. Сонымен қатар, 50-ден астам сауда орталықтары, базарлар және қоғамдық орындарда кең ауқымды түсіндіру акциялары ұйымдастырылып, 2000-ға жуық алматылық қамтылды. Азаматтарға сапалы қызмет пен әділ сауданы талап ету жолдары түсіндірілді.

Жоба шеңберінде арнайы жедел желі жұмыс істеп, тұтынушылардан келіп түскен 150-ге жуық сауалға заңгерлік кеңес берілді. Бұған қоса, арнайы әлеуметтік бейнеролик әзірленіп, халыққа қызмет көрсету орталықтарында және оқу орындарында көрсетілді.

«Тұтынушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру – әділ нарық пен сапалы қызметтің басты кепілі. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жалғасын табады», – дейді жоба ұйымдастырушылары.

«Жастар рухы» жастар қанаты қазан айының соңында жобаның қорытындысына арналған «дөңгелек үстел» өткізіліп, атқарылған жұмыстар мен ұсыныстар бойынша есептерін жариялайтын болады.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



Дуалды оқыту:

КӘСІБИ ТАБЫСҚА БАСТАР ЖОЛ

Алматы мемлекеттік бизнес колледжі «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында Алматы қаласы Білім басқармасының қолдауымен, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту бастамасын жүзеге асыру мақсатында, бес жұлдызды InterContinental Almaty қонақүйінде дуалды оқыту үлгісінің табысты нәтижелерін көрсетуге арналған баспасөз турынын өткізді.

Нұржамал
Әліш

Іс-шара барысында еліміздегі беделді қонақүйлердің бірінде жұмыс істеп жүрген түлектердің табысқа, жетістікке жету жолымен таныстық. Сондай-ақ, олар әйгілі Real Madrid футбол командасы мен «Қайрат» клубы арасындағы тарихи матч кезінде аталмыш қонақүйге түскен шетелдіктермен болған әсерлі сәттерді бөлісті.

Иә, аталған бизнес колледждің түлектері бес жыл қатарынан InterContinental Almaty қонақүйінің түрлі бөлімдерінде – ыстық және суық цехтарда, кондитерлік және банкет бөлімдерінде табысты еңбек етуде. Олардың қатарында аспаздар, шеф-аспаздар, кондитерлер және сервис менеджерлері бар.

«Биыл колледжді 589 студент бітіріп шықты, олардың 90%-ы алған мамандығы бойынша жұмысқа орналасты. Бұл – жұмыс берушілермен жүйелі өзара іс-қимылдың және практикалық бағыттағы білім берудің нақты нәтижесі. Біздің әлеуметтік серіктестеріміздің, соның ішінде бес

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Денис ШИФМАН,
колледж түлегі, аспаз:

Нақты өндірісте шеберлігің шындалады

Мен колледжді «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша оқыдым, біліктілігім – аспаз. Дуалды оқыту бағдарламасының әсері ерекше. Онда теорияға қарағанда тәжірибе көбірек болды. Бұл – үлкен артықшылық. Себебі, нақты өндірісте жұмыс істеу барысында кәсіби шеберлігің шындалады. Ұжыммен, шеф-аспаздармен бірге қоян-қолтық еңбек ету үлкен мектеп. Қазір мен жоғары деңгейлі InterContinental Almaty қонақүйінде аспаз болып жұмыс істеймін және өзімді нағыз маман ретінде сезінемін. Тағамға қосылатын ет, көкөніс болсын, бәрінің қалай кесілгені, туралғанына дейін маңызды. Тіпті, тұздығы да артық не кем болмауға тиіс. Талғампаз болу да маңызды. Үздіксіз жетілуге, білім алуға құштарлық та үлкен рөл атқарады. Болашақта осы кәсібімнің нағыз шебері болғым келеді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

жұлдызды InterContinental Almaty қонақүйінің қолдауының арқасында студенттер жоғары деңгейлі қызмет көрсету саласында тәжірибе жинақтап, тұрақты жұмыс орнын табуда», – деп атап өтті Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің директоры **Айнұр МҰҚАЖАНОВА**.

Пресс-тур кезінде қонақүйдегі заманауи өндірістік орындар көрсетіліп, онда колледж түлектері алған білімдері мен дағдыларын тиімді қолданып жүргенін баяндады. Сондай-ақ, қонақүй өкілдері жас мамандарды өндірістік ортаға бейімдеу, кәсіби өсу мен тәлімгерлік бағдарламалары туралы тәжірибелерімен бөлісті. Ал біз өз кезегімізде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандардың даярлығының жоғары деңгейіне және дуалды оқытудың тиімділігіне көз жеткіздік. Алматы қаласындағы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртудың нақты нәтижелерімен толық танысып, колледж бен әлеуметтік серіктестердің білікті кадрларды даярлауға қосып отырған үлесінің

зор екенін бағамдадық. Осы ретте айта кетсек, Алматы мемлекеттік бизнес колледжі еліміздегі салалық үздік оқу орындарының бірі ретінде өз ұстанымын нық сақтап келеді. Мұндай жетістік – әлеуметтік серіктестікке және кәсіби мамандарды даярлаудағы ортақ жауапкершілікке негізделген еңбектің нәтижесі.

«InterContinental Almaty – Алматы мемлекеттік бизнес колледжінің негізгі әлеуметтік серіктестерінің бірі әрі қазақстандық қонақжайлылық индустриясының беделді өкілі. Мұнда жоғары деңгейдегі сервис, заманауи стандарттар және халықаралық тәжірибе үйлесім тапқан. Қонақүйде маңызды іскерлік және мәдени іс-шаралар өткізіледі, түрлі елдердің делегациялары мен мәртебелі меймандар қабылданады. Осындай серіктеспен бірлесе жұмыс істеу – колледж студенттері үшін кәсіби тәжірибе мен әлемдік деңгейдегі мамандардан үйренудің үлкен мүмкіндігі екені сөзсіз.

Рамазан ТҰРҒАНБЕК,
колледждің 2-курс студенті:Мамандық таңдауда
қателеспеу керек

Аспаз болуды мектепте оқып жүргенде армандағанмын. Меніңше, болашақта кім болатыныңды қателеспей таңдай білу керек. Себебі, істеген ісің саған қуаныш, ләззат сыйласа ғана жетістікке жетесің. Осы қағиданы колледж директорының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары Ұлжалғас Камалқызы және өзге де ұстаздарым ылғи қайталап, санамызға құйып отырады. Мен қазір осы қонақүйде тәжірибеден өтіп жүрмін. Көбіне сұйық, сорпа тағамын, тұздықтар әзірлеймін. Жалақы төленеді. Шәкіртақы да аламын. Осылайша адал кәсіптің наны да тәтті болатынын сезініп жүрміз.



Оқығаныңды іспен ұштастыру мүлдем басқа нәрсе, көп тәжірибе жинап жүрмін. Мұнда өзіміздің колледждің түлегі, ардагер-маман Моисеева Ольга Константиновнаның да қамқорлығы шексіз. Үлкен ұжыммен араласу, адами қарым-қатынастың да әдебін меңгеру – бәрі-бәрі біздің мықты маман болып шығуымызға жол ашып берді. Бізге тек адал жұмыс істеу ғана қалып тұр.

МЕДИАКЕҢІСТІК

Мерейтойлық маусым:

«ХАБАР»
ТЕЛЕАРНАСЫҰлттық құндылықтар
ұлықталған олжаға
толы отыз жыл

Биыл «Хабар» арнасының ашылғанына 30 жыл толып отыр. Қалың көрермен үшін аталмыш арнаның ашылуы үлкен оқиға болғаны да есте. Жылдың дәл осы мезгілінде көрерменге жол тартқан арнаның эфирдегі басталуының өзі рухты оятатын еді. Естеріңізде болса, бағдарлама басталар сәтте күй ырғағымен жүйрік тұлпар шауып шыға келетін. Демек, бұл оның қоржынында елді сүйсіңтер жақсы хабар бар деген нышан болса керек. Содан бері де отыз жыл уақыт өте шығыпты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Осынау жылдар ішінде елдің басты арнасына айналған «Хабар» ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын, әлемдік үрдістер мен заман келбетін, қоғам мәселелерін терең талдайтын тележобалар мен танымал шоулармен ерекшеленді. Елдің ең басты үнпарағына айналды. Отыз жылы олжаға толы арна биылғы мерейтой аясында да өз көрермендеріне тағы да бірнеше тосын сый ұсынып отыр.

Сонымен, мерейтойлық маусымның негізгі жобасы бүгінде ең жоғары рейтингке ие болып отырған «The Voice Қазақстан» атты музыкалық бағдарлама. Сәтін салса, бұдан былай да кең танылған жоба еліміздің ерекшеліктеріне сай жаңа форматта көрсетіліп, Мейрамбек Бесбаев, Баян Алағөзова, Бағым Мұхитденова, Байғали Серкебаев және «TURAR», «The Voice Қазақстан» сынды жұлдызды тәлімгерлер көрермендерге ұмытылмас шынайы эмоциялар мен жаңа жұлдыздардың жарқыраған сәттерін сыйласа, көрермен үшін ең бір қуанышты сәт те келіп жеткен сыңайлы.

Сондай-ақ, ұлтымыздың рухани қазынасы – айтыс өнері жаңартылған телевизиялық форматта қайтадан жарыққа шығып, тізгінін белгілі айтыскер Аманжол Әлтай ұстаған «Жекпе-жек Айтыс» тележобасы бекзат өнерімізді төрге оздырмақ. Сонымен қатар, төл өнеріміздің мақтаныштары Бекарыс Шойбеков, Жансая Мусина, Мұхтар Ниязов, Айбек Қалиев, Мақсат Аханов сынды айтыс майталмандары жаңа қырынан ашылғалы отыр. Бұған қоса, белгілі айтыскер, «Алтын домбыра» иегері Мейірбек Сұлтанхан «Айтыс айнасы» бағдарламасы арқылы айтыс аламына терең бойлап, айтыскерлердің естеліктері мен жан сырларын ақтарады. Бұл да бекзат өнерімізді насихаттаудың бір жолы іспетті.

Тағы бір жаңалық – биыл көрермендер «Хабар» жаңалықтарын күн сайын төрт рет эфирде тамашалай бастады. Ең бастысы – бұл мүмкіндік барлық цифрлық алаңдарда қолжетімді болып отыр. Осылайша көрермендерге тек жаңалықтар ғана емес, маңызды оқиғаларға терең талдау жасау мүмкіндігі де ұсынылып жатыр. Қысқасы, «Хабардың» әр жастағы көрермені өзі қалаған, жүрегі таңдаған бағдарламаны тамашалауына болады.



Алматыда «Алатау» теннис орталығы ашылды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қаладағы ең ірі спорт нысандарының бірі жаңа «Алатау» теннис орталығының ашылу рәсіміне қатысты. Бұл орталық бұқаралық және кәсіби теннистің дамуына серпін беретін маңызды спорт алаңы болмақ. Жоба қала әкімдігінің және Қазақстан теннис федерациясының қолдауымен жүзеге асырылды. Бұл жұмыс 2018 жылы басталған болатын, ал оның аяқталуы қаланың спорт инфрақұрылымы үшін маңызды оқиғаға айналды.

Іс-шараға Қазақстан теннис федерациясының президенті Болат Өтемұратов, сондай-ақ ATP 250 Almaty Open халықаралық турниріне қатысып жатқан Даниил Медведев, Карен Хачанов, Александр Шевченко, Бейбіт Жұқаев және Флавио Коболли сынды кәсіби теннисшілер қатысты. Спортшылар балаларға арналған шеберлік дәрісін өткізіп, жаңа орталық аумағына ағаштар отырғызды.

Дархан Сатыбалды Алматы үшін бұл орталықтың ашылуы өте маңызды екенін баса белгіледі:

– Жаңа теннис орталығы қаламыздың қарқынды дамып келе жатқан ауданында бой көтеріп, маңызды спорт инфрақұрылымының бір бөлігіне айналды. Бұл нысан жас спортшыларды даярлауға, сондай-ақ ұлттық және халықаралық деңгейдегі жарыстар өткізуге мүмкіндік береді. Мұндай жобалар Алматының әлемдік спорт карта-



сындағы беделін арттырып, қаланың әрі қарай дамуына серпін береді, – деді қала әкімі.

«Алатау» теннис орталығы ITF және ATF деңгейіндегі республикалық және халықаралық турнир өткізуге болады. Орталық аумағында төрт жабық қатты жабынды корт, төрт ашық қатты жабынды корт, алты топырақ жабынды корт орналасқан. Көрермен үшін ашық алаңдарда және ғимарат ішінде трибуналар бар.

– Бұл орталық Алматы қаласында ғана

емес, бүкіл елімізде теннистің дамуына үлес қосады деп сенеміз. Алдағы уақытта мұнда 14 және 16 жасқа дейінгі құрама командалары жаттығы өткізеді. Ал келесі жылы орталықта 3 халықаралық жарыс өткізу жоспарда бар. Алматы қаласын еліміздің теннис бойынша елордасы деуге болады. Мегаполисте ең көп теннис орталықтары орналасқан, ең көп теннисшілер де осы қаладан шығады. Жыл сайын мұнда 50 жарыс өтеді, оның ішінде оны халықаралық жарыстар. Қазір феде-

рация теннистің қолжетімді болуына көңіл бөліп отыр, – деді Қазақстан теннис федерациясының вице-президенті Диас Досқараев.

Орталықта жаттығу үшін білікті жаттықтырушылар тартылып, теннисшілерді даярлауға және бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасалған. Алдағы уақытта әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары үшін тегін сабақтар ұйымдастырылады. Сонымен қатар, көпбалалы отбасылар мен зейнеткерлер жеңілдікпен жаттыға алады. Орталық толықтай мүмкіндігі шектеулі азаматтарға бейімделген.

Кешенде медициналық кабинет, асхана, заманауи TechnoGym жабдықтарымен қамтылған жаттығу залы, мәжіліс залы бар. Орталық күніне кемінде жүздеген спортшыны қабылдай алады.

– Бізге қазірдің өзінде 3 жастан бастап, ең үлкені 75 жасқа дейінгі 700-ге жуық адам жазылды. Орталықта 20 жаттықтырушы бар. Олардың барлығы тенниспен кәсіби түрде айналысқан адамдар, біліктілігі жоғары. Орталыққа келушілер жас санаты бойынша әртүрлі бағдарлама және доппен жаттығады: 3-5 жас – baby tennis бағдарламасы, 5-7 жас – қызыл доп, 7-8 жас – қызғылт сары доп, 8-10 жас – жасыл доп, одан жоғары жастарда стандартты доппен жаттығады. Балалар 8 жастан бастап әртүрлі жарыстарға қатыса алады, – деді «Алатау» теннис орталығының аға жаттықтырушы Жансұлтан Чемботбаев.

ALMATY OPEN ТУРНИРИ

ҮЛКЕН ТЕННИС МЕРЕКЕСІ

(Басы 1-бетте)

Жарыс алдында Карен Хачанов Алматыға оралғанына қуанышты екенін және жақсы өнер көрсетіп, жеңіске жеткісі келетінін айтты.

– Әр жарыста, әсіресе, бұрын жеңіске жеткен жерде жақсы ойнағың келеді. Алайда, бұл жайында мен қатты алаңдамаймын. Ең бастысы – өзім басқара алатын жұмысты істеу. Ал нәтижесін көрерміз, – деді Карен Хачанов.

Қазақстандық теннисші Александр Шевченко елімізде теннистің жоғары қарқынмен дамып келе жатқанын атап өтті. Оның сөзінше, мұндай турнир отандық теннистің дамуына зор ықпал етеді.

– Қазақстанда өнер көрсету – мен үшін үлкен құрмет. Тенниске қаншама адамның қызығушылық танытып, оны қаншалықты жақсы көретінін байқап жүрмін. Жыл сайын жаңа орталықтар ашылуда, тенниспен айналысатын балалардың саны артып келеді. Мен мастер-класстар өткізген сайын, оған қатысқысы келетін балалардың ұзын-сонар кезегі тұрады. Өзім үшін жыл оңай болған жоқ,



жарақат алдым. Төрт айда небәрі 120-ға жуық ұпай жинадым, тіпті ота жасау туралы әңгіме де болған. Бірақ маусымның

екінші жартысында ойыным жақсарып, рейтингім көтерілді, – дейді отандық теннисші.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Заңғар – жеңімпаз!

Кореяның Вонджу қаласында 18 жасқа дейінгі теннисшілер арасындағы Азияның бейресми чемпионаты саналып келген беделді ITF Juniors турнирі өз мәресіне жетті. Қазақстандық теннисші Заңғар Нұрланұлы (ITF Juniors рейтингінде 23-орында) әлемдік жасөспірімдер теннисіндегі үздік ойыншылардың бірі екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Финалда отандасымыз Қытай Тайбэйінің өкілі Куан Чеу Ченмен (әлемдік рейтингте 41-орында) бақ сынады. Заңғар кездесуде 6:2, 6:1 есебімен жеңіске жетті. Еске салайық, ол бұған дейін Кореяның басқа қаласы – Чхунчхонда өткен J200 турнирінде де жеңімпаз атанған еді.

Айта кетейік, ATP 250 Almaty Open турнирі – алдағы апталарда қаламыздың басты спорт мерекесі. Халықаралық жарыстың финалдық ойындары 19 қазанда өтетін болады.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



БАСПАСӨЗ – 2025

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!
2026 жылға баспасөзге жазылу науқаны басталды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ұтысқа түседі!

Байқауға қалай қатысуға болады?
2026 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет!
2025 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp-нөміріне 8 707 766 80 00 немесе alatauaqparat@gmail.com электронды мекенжайына жолдау қажет.
Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.
Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.
Қай жерде жазылуға болады?
Барлық почта бөлімшелерінде «Казпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС жазылуға болады.

2026 ЖЫЛҒА БІР ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 10031,52 теңге.
Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін (жазылу индексі 95503) – 7391,52 теңге.

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!
Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.
Құрметті жазылушылар, сәттілік тілейміз!
Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ХАБАРЛАНДЫРУ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША ӨНДІРІЛГЕН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Жалпы Алматы қаласы бойынша әкімшілік құқықтық статистиканың жай-күйі
2025 жылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Алматы қаласының мемлекеттік органдарымен «Әкімшілік құқық бұзушылықтар және оларды жасаған тұлғалар туралы орталықтандырылған есепке алу» мәліметтерінің деректеріне сәйкес «Әкімшілік іс жүргізудің бірыңғай тізлімі» ақпараттық жүйесінде жалпы сомасы **51 177 642 574 теңгеге** әкімшілік айыппұл түрінде жаза қолданылған **3 620 379** әкімшілік құқық бұзушылық тіркелді, оның ішінде **41 228 009 122 теңге** өндіріліп алынды (**80,5%**).

Салынған соманың ең көп пайызы Ішкі істер органдарына түседі. Осылайша ағымдағы жылы 9 ай ішінде полиция органдарымен жалпы сомасы **38 950 604 843 теңге** айыппұл түріндегі жазалау шарасымен **3 601 847** әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде **3886 112 029 теңге (72,6%)** өндіріліп алынды.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарымен жалпы сомасы **165 877 098 теңге** айыппұл түріндегі жазалау шарасымен **461** әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде **145 285 304 теңге (87,5%)** өндіріліп алынды.

Төтенше жағдайлар органдарымен жалпы сомасы **73 495 872 теңге** айыппұл түріндегі жазалау шарасымен 498 әкімшілік материал тіркелген, оның ішінде **52 030 444 теңге (70,8%)** өндіріліп алынды.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін салынған айыппұл туралы мәліметтерді қайдан және қалай алуға болады?
Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық порталында өзіңізге қатысты әкімшілік айыппұлдар туралы ақпаратты ала аласыз және де нақты уақыт тәртібінде оны төлеу мүмкіндігіне ие боласыз.

Салынған айыппұлмен келесі мемлекеттік ресурс арқылы (qamqor.gov.kz. және egov.kz) онлайн-режимде танысуға және оларды өтеуге болады.

1) Ол үшін **qamqor.gov.kz** сілтемесіне кіріп, өзіңіздің жеке немесе заңды тұлға ретінде «Электрондық цифрлық қолтаңба» (ЭЦҚ) арқылы авторизацияланғаннан кейін, **«Айыппұлдар туралы біл»** бөлімін таңдап, әрі қарай «Өз айыппұлдарың туралы біл» батырмасын басып, керекті «Хаттаманы» жүктеп алуға немесе басып шығаруға мүмкіндігіңіз бар. Қағазға басып шығарылған хаттама ЭЦҚ-мен расталған және ресми құжат болып табылады.

Егер көрсетілген айыппұл төленбеген болса, онда «Төлеу» батырмасын басып, Қазақстан Республикасының «Электрондық үкімет» порталының төлем бөлімшесіне өтіп, көрсетілген айыппұлды төлей аласыз.

2) «Электронды үкімет» порталы арқылы **eGov.kz** сілтемесіне кіріп, «Көлік және коммуникациялар» бөліміне өтесіз. «Әкімшілік айыппұлдарды және жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін айыппұлдары іздеу және төлеу» қызметін таңдап, аталған қызмет түріне өту арқылы «Әкімшілік айыппұлдар» функционалын қолданасыз. Егер сіздің атыңызда айыппұл бар болса, оны төлеу мүмкіндіктері туралы қарастырылған ақпарат шығады.

Egov.kz-тен айыппұлдарды көру үшін міндетті түрде ЭЦҚ болуы қажет. ЭЦҚ авторизациядан өткізу міндетті түрде талап етіледі. Осылайша айыппұл туралы ақпаратты біле аласыз.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің (ҚР ӘҚБтК) 811-бабына сәйкес, салынған айыппұлдың мөлшерін 50% жеңілдікпен төлеуге болады, яғни әкімшілік құқық бұзушылықпен танысқан (пошта қызметкерлері табыстаған сәттен бастап немесе СМС байланыс нөміріңізге жолданғаннан кейін) күннен бастап 7 тәулік ішінде төлеу қажет.

Айыппұлды банктер мен онлайн-банкінг ресурстары, терминалдар мен түрлі электронды әмияндар арқылы да төлей аласыз. Ол үшін бюджеттік сыныптама кодын (БСК), салық органының кодын (СОК) және төлем мақсатының кодын (ТМК) дурыс көрсету қажет.

Айыппұлды төлегеннен кейін, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің орталықтандырылған дерекқорына тікелей түседі.

Егер техникалық ақаулық салдарынан түспей қалған жағдайда, айыппұл салған мемлекеттік органға төлем туралы түбіртектің көшірмесін тапсырып, төлем туралы мәліметті ақпараттық жүйеге енгізуін талап ете аласыз.

Жеке немесе заңды тұлға салынған айыппұлмен келіспеген жағдайда, ҚР ӘҚБтК-нің 826-2-бабына сәйкес, айыппұл салған мемлекеттік органға шағым жасауға құқылысыз. Оны qamqor.gov.kz., eotinish.kz және egov.kz порталдары арқылы онлайн-режимде жолдауға болады.

Сонымен қатар, әкімшілік құқық бұзушылық автоматты режимде жұмыс істейтін сертификатталған арнайы техникалық бақылау-өлшеу құралдарымен және аспаптарымен тіркелген кезде, жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жауаптылыққа көлік құралдарының меншік иелері тартылады.

Алайда, ҚР ӘҚБтК-нің 31-бабы 2-тармағына сәйкес, егер көлік құралының меншік иесінің (иесінің) хабарламасы немесе арызы бойынша тексеру барысында құқық бұзушылық тіркелген кезде көлік құралы иелігінде болған тұлға анықталса не басқа тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттерінің нәтижесінде көлік құралына ие бола алмай қалса, осы көлік құралының қатысуымен жасалған құқық бұзушылық үшін ол әкімшілік жауаптылықтан босатылады.

А.ҚЫЗЫЛХОДЖАЕВ,
Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті бөлімінің аға прокуроры.

#Заң_мен_Тәртіп

ЖІТІ ІШЕК ИНФЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жіті ішек инфекциялары – бұл бактериялар, вирустар, қарапайымдылар тудыратын және балалар мен ересек адамдарда ішек қызметінің бұзылуымен (диарея) сипатталатын жұқпалы ауру. Ішек жұқпасы әлемде ең көп таралған инфекциялардың қатарына жатады. Ішектің ауруға шалдығуы, іштің бұзылуы организмнің кейбір тағамдарды қорыта алмауымен байланысты.

Негізінде ішек инфекциясының қоздырғыштары тағам, су және кір қол арқылы асқазан мен ішекке түседі, ас қорыту жолдарында көбейіп, микробтары нәжіспен ілесіп сыртқы ортаға тарайды. Инфекция жеке бас тазалығының төмен болуынан, жеке сақталуы бұзылған дайын және ішкі азық-түліктерден, жуылмаған көкөністер мен жеміс-жидектерден, сапасыз тағамдар пайдаланғаннан, шала пісірілген тағамдарды қолдану, ауызсуды қайнатпай ішкендіктен, лас суға түскендіктен, сондай-ақ рұқсат етілмеген жабайы сауда орындарынан сатылып алынған азық-түліктерді, әсіресе, өнімдердің сапалығын растайтын құжаттары жоқ жеке тұлғалар өндірген сүт және сүт өнімдерін, кулинарлық және кондитерлік тағамдарды пайдалану кезінде жұғады.

Ішек инфекциясының алғашқы белгілері: іштің жиі өтуі, дене қызуының көтерілуі, асқа тәбеттің болмауы, шөлдеу, құсу, бас ауру, жалпы әлсіздік, мазасыздық, ауырсыну, дәретте қан қоспасының немесе кілегейдің пайда болуы. Науқас жиі құсып, іші жиі өткен сайын жағдайы ауырлай түседі. Өйткені, организм өзіндегі тіршілікке қажетті су мен тұздарды көп жоғалтады. Жоғарыдағы аталған клиникалық белгілер пайда бола бастаса міндетті түрде дәрігерге тез арада көрінуі керек. Мұндай кезде сұйықтықты мол, көбірек ішкізген жөн. Антибиотик қолдануға болмайды, өйткені аурудың клиникалық сипатын өзгертеді, мұны өзі дурыс диагноз қоюды қиындатады.

Жіті ішек инфекциялары ауруларының алдын алу үшін бірінші кезекте жеке бастың тазалық ережелерін сақтау қажет. Құдықтан, бөгеттен, өзендер мен басқа да су қоймаларынан қайнамаған суды ішпеу керек. Тұтынар алдында термиялық өңдеуден өтілмейтін тағамдар өте қауіпті. Ондай тағамдарға салаттар, кремді кондитерлік өнімдер, сондай-ақ көкөністер мен жеміс-жидектер жатады. Жеміс-жидектер мен көкөністерді сумен мұқият жуу керек. Салаттарды, әртүрлі тұздықтар мен гарнирлерді, яғни барлық тез бұзылатын азық-түліктерді тоңазытқышсыз түнге қалдыруға болмайды. Жаз және күз маусымында сүт және сүт өнімдерінде бактериялардың көбеюіне қолайлы жағдайлардың туындайтынын білу керек. Жеке адамдардан сатып алған құймыш сатылатын сүтті міндетті түрде қайнату керек. Дайын тағам қалдықтарын міндетті түрде тоңазытқышта беті жабық ыдыста, ішкі мен дайын тағамды бөлек ыдыста сақтау керек, оларды бөлек тақтайларда арнайы пышақтармен бөлу керек. Сату мерзімі өтіп кеткен және сақталуы бұзылған тағам өнімдерін пайдаланбаңыз. Сатып алынған жұмыртқа бөлме температурасында 25 тәуліктен артық сақталмауы керек. Құс еті мен жұмыртқаны сатып алғанда, олар қорапта болса да, бөлек пакеттерге салу керек. Өнімдердің жақсылап қуырылуы мен қайнатылуына көңіл бөліңіз. Жұмыртқаны ішкі немесе шала қайнатылған күйінде қолданбаңыз. Ас дайындау, ыдыс жуу және ауызсу үшін ашық арықтардың суын пайдаланбаңыз. Асты дайындау технологиясына мұқият болып, тек қайнатылған су ішу керек. Шыбындардың инфекция таратушы екені мәлім. Шыбындардың үйге кірмеуі үшін терезелерге тор құру және дезинсекциялық құралдарды қолдану керек. Үйдегі қоқысты уақытында шығарып отыру керек. Жеке бас тазалығын сақтап ас ішер алдында, дәретханадан кейін қолдарыңызды сабындап жуу керек. Арнайы белгіленген шомылатын жерлерде ғана суға түсуге болады.

А.К.МУХАЕВ,
Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының теміржол және су көлігіндегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау бөлімінің бас маманы.

Алмалы ауданының **«Ten Qogam»** мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау орталығы өз қызметін мүгедектігі бар адамдар мен олардың отбасы мүшелеріне заң, психологиялық, білім беру және басқа да әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша ақпараттық, консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге, сондай-ақ тілдік курстар мен компьютерлік сауаттылық курсын өткізуге бағытталған қызметін жалғастыруда.

Мекенжайы: Жамбыл көшесі, 168 А. Телефон: +7 (727) 378-88-04. Instagram: tenqogam.almaly2025

«Рузи Нан» Астана» ЖШС 19 қазаннан бастап бірыңғай экологиялық портал-дың (http://ecportal.kz) Алматы қаласы Түркісіб ауданының «Рузи Нан» Астана» ЖШС Нан-тоқаш өнімдерін өндіру іздестіру-бағалау жұмыстарының жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экология-лық порталда (http://ecportal.kz) орналастырылған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Алматы қаласының ықпал ету аумағы. Учаске орталығының географиялық координаттары: Аймақ 1 N43°20'50.6365" E76°56'49.9848"
Аймақ 2 N43°21'01.6290" E77°00'14.8697"
«Рузи Нан» Астана» ЖШС жоспарланған қызметінің бастамашысы. Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Земнухов к-сі, 19 А. + 7 771 781 03 25, БСН 191140030341. Директор М.Т.Ахаев. info@ruzinan.kz
ҚОҚ бөлімін әзірлеуші К.Ю.Насырова. +7 701 739 48 85, @mlm_kamila@inbox.ru
Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда «жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде танысуға болады (https://ecportal.kz).



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында терініп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік баслым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ОЙТҮРТКІ

ЖЫЛҚЫҒА ЖАСАЛҒАН ҚИЯНАТ

ұлт абыройына дақ түсіреді

Көкпар – ұлттық спорттың төресі. Халқымызға тән рухтың, намыс пен ептіліктің сынын дәл осы спорттан көреміз. Бірақ бұл жолғы мақаламыз көкпар туралы емес. Біздің жазба-мызға жақында әлеуметтік желіде тарап, жұртшылықтың ашу-ыза-сын тудырған әлдебір бейнекөрініс түрткі болып отыр. Осы жолы сөз киелі жануардың қадірі мен киесі, жылқыны күтіп-баптаудың мәні және халқымыздың оған қатысты ырым-тыйымдары туралы болмақ.

 Гүлжанат СЕМБАЕВА

Ата-бабадан қалған асыл мұрамыз

Бірнеше секундтық видеода езуі жыртылып, аузы қанға бөккен аттың аянышты хәлі анық көрінеді. Алматы облысында өткен көкпарда көкпаршы емес, көкпар атының жан берісіп, жан алысқан сәті ешкімді бейжай қалдырмады: «Не деген қатыгездік?», «Адам баласынан өткен жауыз жоқ», «Жылқы қасиетті, киесі бар жануар ғой», «Не деген бассыздық?», «Мұндай да жауыздық бола ма? Бұл жануарға жасалған қиянат». Әлеуметтік желідегі жұрттың пікірі осыған саяды. Иә, ата-бабадан қалған асыл мұрамыз – көкпар тартамыз деп, текті жануарды қорлағандар ұлттық спорттың ғана емес, тарихы мен тыныс-тіршілігі жылқымен біте қайнасқан ұлттың абыройына дақ түсірді.

Бабаларымыз жылқыны бейнекөрініс-тегідей қинау, ұрып-соғу былай тұрсын, киесі атады деп, желіден, жылқышы ұстайтын құрықтан, бақанның үстінен аттап өтпеген. «Бақан аттаған жарымайды» деген сенім содан қалған. Сүрінген атты да қамшыламайды. Жаратылысты баптауға, мінуге, тіпті ер-тоқымын сақтаудың әдебіне үлкен мән берген. Мысалы, ат әбзелдерін ешқашан аяқ астына тастамаған, оларды арнайы биік жерге іліп қойған. Жүгенін жерге тастаса, қораға жылқы бітпейді деп ырымдаған. Жылқыға деген құрметін осыдан-ақ аңғаруға болады. Қазақ жылқыны тек көлік немесе спорттық мақсатта пайдаланбағанын осындай ырым-тыйымдардан біле аламыз. Әр жылқының өз мінезі, өз рухы бар деп сенген. Сондықтан жүйрікті баптағанда да, бәйгеге қосып, оны мініске дайындағанда да ерекше ырымдар мен тыйымдар сақталған. Бірақ қазір қоғам «киесі ұрады» деген бірауыз сөзден сескенетін түсініктен алыстап бара жатқандай.



Жаңа туған құлынның жалын ерте алмайды, себебі «жалы қысқарған құлын өспейді» дейді. Аттың жал-құйрығын кесу – ауыр күнәмен тең. Себебі, бұл оның «рухын сындыру» деп қабылданған. Ал бәйге атының үстіне бөгде адам мінсе, иесі «аттың бағы қайтады» деп ырымдаған.

Ат – ер қанаты, жан серігі

Қазақ түсінігінде жылқы – адамның рухани серігі. Адам қайтыс болғанда, оның мініс аты яғни, иесіне адал серік болған жылқы тұлданады. «Тұлдау» сөзі – «иесінен айыру», «жетім қалдыру» деген мағына береді. Бұл ғұрып арқылы халық марқұмның бұл дүниедегі серігі болған атын да азаға ортақтастырады. Марқұмның мінген атының жалы мен құйрығын күзеп, ер-тоқымын сыпырып, кейде жүгенін алып тастайды. Бұл – аттың енді иесіне қызмет етпейтінін, иесінің артынан аза тұтатынын білдіреді. Ат сол иесінің үйінің алдында байланады, кейде жеті күн, кейде қырық күн бойы тұл күйінде ұсталады. Сол уақыт ішінде оған ешкім мінбейді. Жылқының киесі мен қасиетін түсінген адам оны ешқашан қорламайды. Ал бүгінде ұлттық спорт жарыстарында жануарды қинау – халқымыздың ежелгі түсініктеріне қайшы болып отыр. Осы мәселеге қатысты жылқыға жаны жақын азаматтар пікір білдірген еді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Елемес ӘЛІМХАНОВ,
ҚР еңбегі сіңген жаттықтырушы,
Дүниежүзілік этноспорт конфедерациясының академигі:

Көкпарда тоқырау байқалады



Ұлттық ойындар бағытын зерттеуші ретінде кейінгі жылдары, әсіресе, көкпардың дамуында тоқырау бар екенін ашық айтуға мәжбүрмін. Көкпар ойынының жарыс ережелері тез арада сапалы түрде қайта қаралуы керек. Өйткені, көкпарда атты жөңсіз қамшылау, қасақана бір-бірімен соқтығысу тым жиі кездеседі. Қатыгездік, жануарға дөрекі күш көрсету – спорт емес, тәртіп бұзушылық екенін түсінетін уақыт келді. Бұл мәселе бес жыл бұрын нақты айтылып, құжатқа да енгізілген болатын. Бірақ өкінішке қарай, одан бері бірнеше жыл өтсе де, өзгеріс байқалмай отыр. Қазір әлеуметтік желілерден көретін көкпар жарыстарында ереже жиі бұзылады. Қатысушылар атқа емес, бір-біріне күш көрсетуге көшіп кеткендей әсер қалдырады. Көкпар – біздің рухымыздың бір бөлшегі. Бірақ ол тәртіппен, әділдікпен, адам мен атқа деген жауапкершілікпен өтпесе, оның ұлттық болмыстық мәні жоғалады. Қазір ешкім көкпар көруге барғысы келмейді. Себебі, эстетика жоқ. Алматы облысы, Қарасай ауданында өткен көкпар

тартысында орын алған жағдайға байланысты Қазақстан көкпар федерациясының президенті Айдарбек Қожаназаров осындай келеңсіз жағдайлардың жиі болатынын айта келе: «барлық көкпар ойындары федерация аясында өтпейді, ал бейресми турнирлерде ережелер жиі бұзылады» депті. Қазақстанда «бейресми турнирлер» деген жарыс ойындары жоқ, ондай турнирлер заңсыз деп танылады.

Қазіргі таңда ел ішінде өтіп жүрген көкпар ойындарына қатысты бірқатар мәселе жиі байқалып отыр. Әсіресе, жарыстардың бей-берекет ұйымдастырылуы, рұқсаттың болмауы, қауіпсіздік талаптарының сақталмауы, қатысушылардың денсаулығы мен жылқы жағдайының ескерілмеуі қоғамда алаңдаушылық тудырып отыр. Мұндай кемшіліктер көкпардың тәрбиелік мәнін әлсіретіп, оның ұлттық спорт ретіндегі беделіне нұқсан келтіруде. Осыған байланысты көкпар жарыстарын өткізуге бірқатар нақты талаптар мен рұқсат алу тәртібін енгізу қажеттілігі туындап отыр. Ең алдымен, жарыс өтетін іс-шаралар ресми спорттық күнтізбеге енгізілуі тиіс. Бұл жарыстың мәртебесін айқындап қана қоймай, оны ұйымдастыру мен өткізуге жауапты тұлғалар мен органдардың заң алдындағы міндетін нақтылайды. Жеке азамат болсын, қоғамдық бірлестік немесе мемлекеттік мекеме болсын, ұйымдастырушы ретінде өз міндетін толық түсініп, жарыс барысындағы тәртіп пен қауіпсіздікке жауап беруі тиіс.

Еліміздегі ат спорты федерацияларының негізгі міндеті – қоғамда жылқы малына деген мәдени-эстетикалық, танымдық, гуманистік жағымды көзқарас қалыптастыру. Ұлттық спорт түрін өркениетті қоғам талаптарына сай дамыту үшін нақты құқықтық, ұйымдастырушылық және қауіпсіздік талаптарын сақтау керек.

Ғалымбек ҚАРАТЫРІК,
«Nomad Stunts» каскадерлер тобының каскадері, режиссер:

Болмысымызға жат дүние



Әлемдік киноларда жұмыс істейтін каскадер болғаннан кейін алыс-жақын шетелдердегі халықтың жылқыға деген көзқарасын, жануардың психологиясын және оны баптау, басқару тәсілдерін көп зерттейміз. Әлеуметтік желіде жарияланған бейне біз білетін бір ғана оқиға. Бірақ осылай шу туындауы, бір жағынан, дұрыс та шығар. Себебі, қазір әлемде жануарларды қорғау ұйымдары бар. Олар жануарларға қатыгездік көрсетуге қарсы заңдарды енгізіп, мұндай әрекеттерге қатаң тыйым салады. Жұмыс кезінде кейде атпен түрлі трюктер жасаймыз. Кейде аттарды құлатуға тура келеді. Мұндай сәттерде кадрда құлаған аттың қайтадан тұруы, жарақат алмауы міндетті түрде қадағаланады. Әлемдік тәжірибеде кейбір трюктерде жылқылар жарақат алып қалады. Жануарларды қорғау ұйымдарының талаптарына байланысты ондай трюктерге тыйым салынған елдер бар. Қиын трюктерді көбіне арнайы макеттермен, компьютерлік графикамен жасайды. Қазақтың ежелгі жыр-дастандарында жылқыны қалай аялап, қадірлегені ерекше суреттеледі. Әлі тұмаған құлынды бір үйір жылқыға айырбастап алған оқиғалар бар. Жер бетінде жылқыны ең алғаш қолға үйреткен халықпыз. Жануарға қатыгездік көрсету – біздің болмысымызға жат дүние деп есептеймін.

Бізге иппология ғылымын дамыту маңызды. Өкінішке қарай, Қазақстанда бұл бағытта ғылыми еңбектер аз. Көбіне бізде көркем әдебиет тілінде жазылды, ал ғылыми дәлелденген еңбектер жетіспейді. Ал шетелде бұл бағыт өте жақсы дамыған. Мысалы, асау жылқыны бағындыру үшін біз қамшылайтын болсақ, шетелде күш қолданбайды, керісінше, жылқының психологиясымен жұмыс істейді. Әрине, көкпар – қазақтың керемет ойыны, онда эмоция басым. Мүмкін, кей жағдайларда адамдар байқамай, жылқысына зиян келтіріп алатын шығар. Бірақ ол көбіне иесі атының мінезін, тартыстағы мүмкіндігін білмеуден болады. Сырт көзге мұндай көрініс жабайылық болып көрінеді. Заң деңгейінде жануарларға қатыгездік көрсетудің алдын алатын нақты шаралар қабылданса дұрыс болар еді. Мұндай қатыгездікке жол беруге болмайды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

- ◆ Жылқы – текті жануар, тек таза суды ғана ішеді, шүйгін шөпті де аузына іліккенін асамай, талғап-таңдап жейді.
- ◆ Жылқының еті де, сүті де құнарлы. Қымыз – қазақ халқының ұлттық тағамдарының ішіндегі ең құрметті дәм, дертке шипа, денеге – күш.
- ◆ Жылқының бас сүйегін баспа, басынан аттама! Жылқыны ұрып, теппе! Ат әбзелін аяқ астына тастама!
- ◆ Жылқының үстінде тұрғанда оны жамандамайды.
- ◆ Жылқының басын далаға тастамайды.
- ◆ Атты үйдің есігіне байлауға болмайды.
- ◆ Атты жаңа иесіне бергенде ер-тоқымын бірге беруге болмайды, «ырысы бірге кетеді» деп ырымдайды.
- ◆ Аттың басы шығысқа қаратып байланады – күннің нұрымен қуат алсын деген сенім.
- ◆ Аттың жалына бала отырғызу – «баланың өмірі ұзақ, жолы ашық болсын» деген ырым.